

## Қарашығанақ жобасының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1525 Қаулысы.

Аджип Карачаганак Б.В. ("Аджип"), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед ("Бритиш Газ"), Тексако Интернэшнл Петролеум Компани ("Тексако") компаниялары, "ЛУКойл мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы ("ЛУКойл"), "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы ("Қазақойл") және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ-конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімін іске асыру барысында туындаған даулы мәселелерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Өкілетті орган және Аджип Карачаганак Б.В. ("Аджип"), ЭНИ С.П.А ("ЭНИ"), БиДжи Карачаганак Лтд ("БиДжи"), БиДжи Групп Плс ("БиДжи Групп"), Шеврон Интернэшнл Петролеум Компани ("Шеврон"), Тексако Инк. ("Тексако"), ЛУКОЙЛ Оверсиз Карачаганак Б.В. ("ЛУКойл"), "ЛУКОЙЛ" ААҚ ("ЛУКОЙЛ" ААҚ), Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В. ("КПО") компаниялары арасындағы реттеу туралы келісім (бұдан әрі - Реттеу туралы келісім) барлық қосымшаларымен бірге мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке және Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Реттеу туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Қоса беріліп отырған Аджип Карачаганак Б.В. ("Аджип"), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед ("Бритиш Газ"), Тексако Интернэшнл Петролеум Компани ("Тексако") компаниялары, "ЛУКойл" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы ("ЛУКойл"), "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы ("Қазақойл") мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің салық режимі туралы нұсқаулық бекітілсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.04.2015 № 194 қаулысымен.**

4. Осы қаулы Реттеу туралы келісім аяқталған күннен бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақты қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

"Аджиш Карачаганак Б.В. ("Аджиш"), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед ("Бритиш Газ"), Тексако Интернэшнл Петролеум Компани ("Тексако") компаниялары, "ЛУКойл" Мұнай Компаниясы" ашық акционерлік қоғамы ("ЛУКойл"), "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы ("Қазақойл") мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанак мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің салық режимі туралы нұсқаулық\*

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.04.2015 № 194 қаулысымен.**

## **1-бөлім. Нұсқаулық бойынша жалпы ережелер**

### **1-тарау. Анықтамалар**

1. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін бас әріптерден басталатын терминдер мынадай мәндерге ие:

1) "Республика бюджеті" - республикалық және жергілікті бюджеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджеттен тыс қорларын білдіреді;

2) "ҚҚС өтеу" - есепке жатқызылатын ҚҚС сомасының ҚҚС-ның есептелген сомасынан артқан жағдайда, Мердігер компаниялар алдында Республика бюджетінің берешектерін қайтаруды және азайтудың басқа нысандарын білдіреді;

3) "Өндіру" - i) ендіру немесе тоғыту ұңғымаларын пайдалануды (тиісті қызмет көрсетуді қоса алғанда), ii) Мұнайгаз шикізатын Жеткізу пунктіне дейін алуды, сақтап қалуды, тазалауды, өңдеуді, аударуды, сақтауды, тапсыруды, тасымалдауды және жеткізуді және iii) коллектордағы қысымды ұстауды, қойнау қыртыстарына газ айдау және қайта өңдеудің басқа да бағдарламаларын білдіреді;

4) "Нұсқаулық" - Келісімнің Салық режимін қолдану туралы осы құжатты білдіреді;

5) "Жер асты құрылыстарына арналған келісімшарт" - Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданының аумағында жер қойнауына Қарашығанак мұнайгаз-конденсаты кен орнының ағын суларын (сұйық қалдықтарды) айдау - жер асты құрылыстарын салуға және пайдалануға арналған Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Құзыретті орган) мен "Қарашығанак Петролеум Оперейтинг Б.В. - Қазақстандық филиал" компаниясы (Мердігер) арасында жасалған 2006 жылғы 14 маусымдағы № 046 келісімшартты білдіреді;

6) "Тұлға" - заңды немесе жеке тұлға;

7) "Халықаралық Салық Келісімі" - конвенцияда көрсетілген күннен бастап күшіне енетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен басқа ел Үкіметінің арасында жасалған, қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салынатын салықтарды төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны білдіреді;

8) "Салық инспекциясы" - салық қызметінің органдарын және оның ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органды және оның аумақтық бөлімшелерін білдіреді;

9) "Салық заңнамасы" - өзгерістер және толықтырулармен "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі № 2235 Жарлығын, сондай-ақ заңдар мен жарлықтарды, қаулыларды және Қазақстан Республикасындағы салықтар мен төлемдерді төлеу тәртібін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді білдіреді;

10) "Салық кодексі" - 1997 жылғы 1 қазанына күші бар, өзгерістер және толықтырулар берілген редакциядағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі № 2235 Жарлығын білдіреді;

11) "Салық режимі" Келісіммен айқындалған салық салу шарттары мен кедендік ережелерді білдіреді;

12) "Оператор" Келісімнің 5.1-бөлімінде осы терминге берілген мәнге не және осы нұсқаулықтың мақсаты үшін Келісімнің және Ілеспе құжаттардың мақсатын іске асыру үшін құрылған операциялық құрылым (Келісім үшін қолданылатын ұйымдық нысанда) ретінде қолданылады. Оператор Мердігердің атынан агент ретінде іс-қимылдарды орындайды және Мердігердің құқығын, өкілеттіктер мен міндеттемелерді іске асырады, Оператордың функциялары Операциялық компанияларға берілуі мүмкін;

13) "Операциялық компания" Келісім бойынша Оператордың функцияларын орындау үшін Оператор құрған заңды тұлға, Келісімнің 5.1 (b)бөлімінде көзделгенге сәйкес Мердігер компаниялар онымен корпоративтік байланыста болуы мүмкін, бұл ретте мұндай тұлға толығымен бір немесе одан көп Мердігер компанияның иелігінде болады және мұндай тұлға Келісіммен және Ілеспе құжаттармен көзделген Мұнайгаз операциялары мен Мердігердің басқа да қызмет түрлерінен бөлек қандай да бір өзге қызметпен айналыспайды;

14) "Мердігер компания" - "Аджип Қарашығанақ Б.В.", "Би Джи Қарашығанақ Лимитед", "Шеврон Интернешнл Петролеум Компани" және "Лукойл Оверсиз Қарашығанақ Б.В." немесе мәтінге байланысты осы компаниялардың кез келгенін, сондай-ақ ішінара немесе толығымен, бөлектеп немесе өзара бөлектемей құқық берілген олардың құқық мирасқорларын білдіреді;

15) "Жеткізу пункті" - Келісімнің 1.1-бөлімінде осы терминге берілген мәнге ие болады;

16) "Өткізу пункті" - Келісімнің 1.1-бөлімінде осы терминге берілген мәнге ие болады;

17) "Жер асты құрылыстарына арналған рұқсат" бұрын Жер асты құрылыстарына арналған келісімшартпен көзделген қызметті жүзеге асыру үшін Мердігерге берілген рұқсатты білдіреді;

18) "Жиынтық есеп" - әрбір Мердігер компанияның шоғырландырылған жеке салық декларациялары түріндегі жергілікті салық органына берілетін есебін білдіреді;

19) "Келісім" - "Аджип Қарашығанақ Б.В. ("Аджип"), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед ("Бритиш Газ"), Тексако Интернэшнл Петролиум Компани ("Тексако") компаниялары, ЛУКОЙЛ Мұнай Компаниясы Ашық Үлгідегі Акционерлік Қоғамы ("Лукойл"), Қазақойл Ұлттық Мұнайгаз Компаниясы жабық үлгідегі акционерлік қоғамы ("Қазақойл") мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ-конденсаты кен орнының мердігер учаскесінің өнімін бөлу туралы нақты келісімді білдіреді;

20) "Қосалқы мердігер" - Келісімге байланысты қызмет бойынша Мердігердің тауарлар мен қызметтерді алу бойынша қатынасы бар жеке немесе басқа тұлғаны білдіреді;

21) "Кедендік органдар" - кедендік Іс саласындағы уәкілетті орган, кедендік іс саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана бойынша), кедендер, кеден бекеттері; және

22) "Технологиялық жабдық" - мұнай мен Ілеспе заттарды барлау, Өндіру, өңдеу және тасымалдау процесінде пайдаланылатын жабдықтарды, бірақ онымен шектелмей: құбыр жабдығы, магистралдық құбыр жабдығы, тасталымдың құбыр жабдығы, өндірістік қондырғылар жабдығы, өңдеу қондырғыларының жабдығы, өңдеу жабдығы, сағалық жабдық, жер асты жабдығы, интенсификациялаудың әртүрлі әдістерін қолданумен мұнай өндіру жүйелерінің жабдығы, терминалдардың жабдығы, сондай-ақ тиісті өндірістік қондырғылар жабдығы.

2. Анықтамалар: Осы Нұсқаулықта белгіленген терминдер Келісімде пайдаланылған анықтамалардың мәнін нақтылау немесе мәнін неғұрлым егжей-тегжейлі сипаттау ретінде қабылданады. Егер терминдер осы Нұсқаулықта түсіндірілсе, сондай-ақ Келісімде сипатталса, онда осы Нұсқаулықтың мақсатында осы Нұсқаулықта пайдаланылатын терминдерді анықтау басым мәнге ие болады.

## **2-тарау. Осы Нұсқаулықтың мақсаты және реттелетін мәселелер**

3. Осы Нұсқаулық Келісім негізінде, 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолданыстағы Қазақстан Республикасының Салық заңнамасын есепке алумен әзірленді.

4. "Қарашығанақ мұнай-газ-конденсаты кен орнының Мердігер учаскесі бойынша Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 қаңтардағы № 5 қаулысымен бекітілген Келісім Қазақстан

Республикасында тиісті түрде тіркелген жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт болып табылады.

5. Келісім қол қойылғанға дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде міндетті салық сараптамасынан өтті.

6. Осы Нұсқаулық тиісті Салық инспекциясы мен Кедендік органдар үшін Келісім бойынша қызметке байланысты Мердігердің қызметіне қолданылуы тиіс, сондай-ақ Республика алдындағы міндеттемелерді орындау және Салықтар мен төлемдерді төлеуге қатысты өзінің құқықтарын пайдалану тәртібі бойынша Мердігер үшін ережелерді белгілейді.

7. Осы Нұсқаулық Келісімнің салық салу мен кедендік төлемдерді қолдану шарттарын (Салық режимін) сипаттайды.

8. Осы Нұсқаулықтың ережелері Салық инспекциясы мен Кедендік органдарды қоса алғанда, Мемлекеттік кіріс министрлігінің құқық мирасқоры болып табылатын Қаржы министрлігі мен Мердігер арасында келісілген және Келісімнің шарттарына қайшы келмегендіктен, оны Үкімет бекітеді. Егер Келісімнің құрамындағы ережелердің түсінілуі біреуден артық болса және бұл мәселелер осы Нұсқаулықта айтылса, осы Нұсқаулық Республиканың Үкіметі мен Мердігер бірлесіп қабылдаған түсіндірме ретінде қабылданады.

9. Осы Нұсқаулық Келісімнің 2.2-тармағында белгіленген Келісімнің барлық қолданылу мерзіміне таралады.

## **2-бөлім. Келісімнің Салық режимі бойынша жалпы ережелер**

### **3-тарау. Салық міндеттемелерін орындау**

10. Мердігер 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолданылатын Салық заңнамасында белгіленген ставкалар бойынша Келісімде көрсетілген Салықтар мен міндетті төлемдерді төлейді.

11. Осы Нұсқаулықтың 12-тармағында айтылған жағдайларды қоспағанда, Мердігер :

1) міндеттемелер туындаған сәтке қолданылатын Салық заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде салық нысандарын дайындайды және тапсырады;

2) міндеттемелер туындаған сәтке оларды төлеу бойынша Қазақстан Республикасында қолданылатын Салық заңнамасында белгіленген тәртіпке және мерзімге сәйкес Келісімде көрсетілген салықтар мен міндетті төлемдерді төлейді; және

3) міндеттемелер туындаған сәтке қолданылатын Салық заңнамасында белгіленген тәртіпке және мерзімге сәйкес салықтар мен міндетті төлемдерді қайтарып алуға және оларды талап етуге және/немесе есепке жатқызуға құқығы бар.

12. Егер Мердігердің пікірінше 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша қолданылатын Салық заңнамасында белгіленген нысандардың, тәртіп және/немесе мерзімнің орнына осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көзделген нысандарды, тәртіп

және/немесе мерзімді қабылдау Салық кодексіне және/немесе Келісімге сәйкес Мердігердің жағдайын нашарлатуға әкеп соқса, онда Мердігер 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Салық заңнамасында белгіленген нысандарды, тәртіп және/немесе мерзімді қолдануға құқылы.

13. Келісімнің III бабында Мердігерге берілген құқық қандай жағдайда болмасын Келісімнің VIII және XIX баптарында белгіленген Мердігердің Салық міндеттерінің деңгейіне әсер етпейді.

13-1. ӨБТК 12.1 және 12.2-бөлімдеріне сәйкес мүлікті беру қандай да бір пайда алуды немесе шығынды көздемейді, осыған байланысты осындай беру кезінде салық салу мақсатында іске асыру бойынша кіріс және/немесе айналым туындамайды. Бұл ретте осы тармақтың ережелері ӨБТК 12.1 және 12.2-бөлімдеріне сәйкес іс жүзінде берілген мүлікке қатысты ғана қолданылады.

**Ескерту. 3-тарау 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 03.04.2015 № 194 қаулысымен.**

#### **4-тарау. Мердігер төлейтін салықтар мен төлемдер**

14. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін Мердігердің салықтар мен төлемдерді төлеуі мына түсінікке ие болады - Мердігер компаниялар Келісімде көзделген Салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу бойынша жауапты болады. Мұндай төлемдерді оның тапсыруы бойынша және оның атынан Оператор мен Операциялық компаниялар жүргізе алады.

15. Оператор мен Операциялық компаниялар Мердігер компаниялар атынан операцияларды жасайтын Агент болып табылатындықтан олардың Келісімге байланысты қызметтері Келісім мен осы Нұсқаулықпен белгіленген Салық режимімен қамтылады.

16. Мердігер мынадай Салықтар мен төлемдерді төлейді:

1) бонусты қоса алғанда, жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы салықтары мен төлемдері;

2) өнімді бөлу бойынша Республиканың үлесі;

3) табыс салығы, оның ішінде:

заңды тұлғалардан табыс салығы;

төлем көзінен ұсталатын заңды тұлғалардан табыс салығы; төлем көзінен ұсталатын жеке тұлғалардан табыс салығы;

4) қосылған құн салығы;

5) шикі мұнайға, конденсат пен электр энергиясының өндірісіне арналған акциздерді қоспағанда, акциздер;

6) заңды тұлғаларды тіркеу үшін алым;

7) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алым;

8) Мұнай-газ шикізатына арналған экспорттық кеден баждарын қоспағанда, кедендік төлемдер;

9) жерді жалға алғаны үшін төлемдер;

10) су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;

11) орманды пайдаланғаны үшін төлем;

12) Қоршаған ортаны қорғау қорына төлемдер;

13) Жол қорына төлемдер;

14) Еңбекпен қамту мемлекеттік қорына төлемдер;

15) Зейнетақы қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына және Міндетті медициналық сақтандыру қорына төлемдер; және

16) мемлекеттік баж.

17. Мердігер есептеу әдісі негізінде салық есебін жүргізеді.

18. Мердігер Келісімнің ережелерінде көзделгеннен басқа ешқандай Салық міндеттемелеріне ие болмайды. Мердігер төменде көрсетілген, бірақ олармен шектелмейтін Салықтарды есептеу мен төлеуді жүргізбейді:

1) шикі мұнайға, конденсатқа, сондай-ақ электр энергиясының өндірісіне арналған акциздер;

2) бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу үшін алым;

3) роялти;

4) үстеме пайда салығы;

5) жер салығы;

6) заңды және жеке тұлғалардың мүлік салығы;

7) көлік құралдарының салығы;

8) аукциондық сатулардан алым;

9) Мұнай-газ шикізатына арналған экспорттық кедендік баждар.

#### **5-тарау. Салықтарды есепке алу мен төлеу үшін пайдаланылатын валюта**

19. Мердігердің салық есебі АҚШ долларымен жүргізіледі.

20. Мердігер салықтар мен төлемдерді есептеу және төлеу тәртібін бұзған жағдайда, өсімдер мен айыппұлдар салық есебі негізінде АҚШ долларымен есептеледі.

21. Төмендегі ұсыныста көзделгенді есепке ала отырып, Республика Бюджетіне төленуге немесе Республика Бюджетінен қайтарып алынуға жататын Салықтар мен төлемдер сомасы АҚШ долларымен немесе төлем күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми айырбас бағамы бойынша теңгемен төленеді. ҚҚС төлеу мен қайтарып алу теңгемен жүргізіледі.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.25 N 834 Қаулысымен.**

22. Салық есебі мақсатында АҚШ долларынан өзгеше валюталарды айырбастау бағамы және валюталарды аудару Келісімнің № 6-қосымшасының 1.3.(b) тармағында

көзделген тәртіппен тиісінше қолданылады және жүргізіледі ("Бухгалтерлік есеп тәртібі").

## **6-тарау. Салық режимінің тұрақтылығы**

23. Келісімнің Салық режимі 1997 жылғы 1 қазанына қолданылатын Салық заңнамасының негізінде белгіленген және Салық режиміне Келісім тараптарының келісімі бойынша өзгерістер енгізілген және олар бастапқы экономикалық мүдделердің ара-қатынасының өзгеруіне әкелмеген жағдайды қоспағанда, Келісімнің барлық қолданылу кезеңіне тұрақты болып қалады.

## **7-тарау, Трансферттік баға белгілеу (Бағаларды түзету)**

24. Мердігер бухгалтерлік және салық есебі мақсатында Мұнайгаз шикізатын сату бағаларын және пайданы анықтау кезінде Келісімнің 9-бабының ережелерін басшылыққа алады.

25. Егер байланысты тараппен жасалған коммерциялық және басқа операцияларда пайдаланылатын бағалар тәуелсіз кәсіпорындар арасында пайдаланылатын бағалардан ерекшеленсе және бұл Республика бюджетіне жалпы салық төлемдерінің азаюына әкелсе, онда салық салу мақсатында Салық инспекциясы мұны, Мердігер істемесе, осындай операциялар бойынша бағалардың айырмасына сүйене отырып Мердігердің табысын түзете алады.

26. Нақтылық мақсатында, Мердігер Келісімнің IX бабына сәйкес (немесе Келісімнің 9.2 (b)(v)-(vi) тармақшаларында белгіленген, Даулы мәмілелер бойынша рәсімдерге сәйкес ұйымдастырған және Сарапшы бағалаған мәмілелер) Өткізу бойынша Бірлескен Комитет бекіткен мәмілелер бойынша сатылатын Мұнай-газ шикізатын бағалау үшін пайдаланылатын әдістеме "қол созу" қағидасы бойынша анықталған нарықтық бағаны білдіреді.

27. Келісімнің 6-қосымшасының 2.1 және 2.4 (b) тармақтарының ережелеріне сай келетін Мердігер компаниялар арасындағы, Операциялық компаниялар арасындағы және Мердігер компаниялар мен Операциялық компаниялар арасындағы операциялар трансферттік баға белгілеу кезінде түзетуге жатпайды,

28. Мердігердің мәмілелері бойынша түзету жүргізілмейді, егер бұл мәмілелер осы Нұсқаулықтың 26-тармағына сәйкес нарықтық бағалар бойынша жасалса немесе Мердігердің салық міндеттемелерінің жалпы сомасын азайтпаса.

### *1-мысал.*

F Мердігер компаниясы Нидерландта тіркелген және мұнай мен газ ендіру лицензиясында және жер қойнауын пайдалануға арналған тиісті келісімшартта үлесі бар.



1998 жылғы желтоқсанда ол жалпы сомасы \$ 3 000 000 АҚШ долларына өнім сатты

Бұл сату байланысты болып табылмайтын үшінші тарап пен F компаниясының 50% еншілес компаниясына тең мөлшерде газ сатудан құрылды. Мәміле сол күні, сол нарықта жасалды.

	Мың АҚШ \$
Үшінші тарапқа сатудан түскен табыс	2 000
Байланысты компанияға сатудан түскен табыс	1 000

Екі мәміле бір күнде, бір нарықта және тең көлемдегі газға жасалғандықтан, екі операцияларға бірдей бағалар қолданылуы тиіс. Үшінші тарапқа сатуы үшін қол жеткізілген баға - осы күнгі орта бағасы болды.

Сондықтан, жылдық жиынтық табысқа кіруі тиіс сома АҚШ \$ 4 000 000 тең.

*2-мысал.*

Мынадай айда F Мердігер компаниясы өзінің газ көлемдерінің жартысын G Мердігер компаниясына (бұл да Нидерландта тіркелген) сатты.

Қалған газ көлемі үшінші тарапқа сатылды.

G компаниясы лицензияда тең үлеске ие, бірақ оның неғұрлым пайдалы нарыққа жетуге мүмкіндігі бар. Осы компаниялардың жылдық жиынтық табысы төмендегідей болып отыр:

Мың АҚШ \$	
F компаниясы	
Үшінші тарапқа сатудан түскен табыс	2 000
G компаниясына сатудан түскен табыс	2 000
Жылдық жиынтық табыс	4 000
G компаниясы	
Жеке өнімінің көлемдік үшінші тарапқа сатудан түскен табыс	4 800
F компаниясынан сатып алынған өнімнің көлемін үшінші тарапқа сатудан түскен табыс	2 400
Жылдық жиынтық табыс	7 200

F компаниясының және G компаниясының бағаларын түзету талап етілмейді, себебі бюджетке төленетін салық төлемдерінің сомасы азайған жоқ.

## **8-тарау. Мердігердің персоналына салық салу**

29. Мердігердің персоналы Салық міндеттемелері пайда болған сәтте қолданылатын Салық заңнамасына сәйкес кемсітпеушілік негізінде салықтар мен төлемдерді төлейді.

## 9-тарау. Айыппұл санкциялары мен өсімақылар

30. Келісімде көзделген Салықтарды уақытылы төлемеген үшін айыппұл санкциялары мен өсімақылар бұзушылық жол берілген сәтте қолданылған Салық заңнамасына сәйкес қолданылады.

## 10-тарау. Қосалқы мердігерлерге салық салу

31. Мердігер өзіне қызмет көрсететін немесе тауарларды сататын өзінің Қосалқы мердігерлеріне мұндай Қосалқы мердігерлердің және олардың қызметкерлерінің Салық заңнамасына сәйкес салық төлеуге тиіс екенін хабарлауға тиіс.

## 11-тарау. Құқықтарды беру

32. Құқықтарды үшінші тарапқа беру:

1) қолданыстағы Мердігер компания лицензия мен келісім шарттағы үлесін үшінші тарапқа берген кезде, құқықты беретін адамның (бұдан әрі - Сатушы) тиісті кірісі берілген қатысу үлестеріне сәйкес бонустардың амортизацияланбаған сальдосының және негізгі құралдардың амортизацияланбаған сальдосының сомасына азайтылған құқықтарды беруден түскен кірістен тұрады. Егер кіріс сомасы бонустардың амортизацияланбаған сальдосының және негізгі құралдардың амортизацияланбаған сальдосының құнынан аз болса, Сатушы бұл кірісті осы сальдоны өз қалауымен түзету үшін пайдалана алады;

2) құқықтарды беру нәтижесінде құқық алатын тұлға (бұдан әрі - Сатып алушы) құқықтарды беру бойынша шығындарды Салық кодексінің 23-бабының 2-тармағына сәйкес құқықтарды алуға шығындар ретінде қарайды және мұндай шығындарды 1997 жылғы 1 қазанда белгіленген 1-топтың барынша үлкен ставка жиырма бес процент (25%) бойынша амортизациялай алады. Төлем ішінара немесе толығымен активтер енгізу арқылы жүзеге асырылатын жағдайда, төлем сомасын анықтау кезінде активтердің нарықтық құны пайдаланылады. Нарықтық баға құқықтарды беру туралы келісімшартта көрсетіледі; және

3) құқықтарды үшінші тұлғаға беру ҚҚС-тан босатылады.

*3-мысал.*

Италияда тіркелген Е Мердігердік компаниясының мұнай мен газ өндіруге берілген лицензияда 50% үлесі бар. Ол үшінші тарапқа, АҚШ-та тіркелген F Мердігер компаниясына лицензияның 20% сатады. Мәміле жағдайларына ақшалай түрде 50 000 мың АҚШ долларын телеу және бағасы 10 000 мың АҚШ доллары тұратын Египетте барлау учаскесін беру кіреді. F компаниясына лицензия беріледі деген жағдайда, Сатуға жасалған келісімшартқа 1998 жылы маусым айында қол қойылды. F компаниясына 1999 жылғы 31 қаңтарында лицензия берілген кезде Е компаниясы барлауға учаскемен бірге ақша түрінде 50 000 мың АҚШ доллары сомасын алады.

Е компаниясы 1999 жылғы 31 қаңтарда сату бойынша мәмілені тіркейді, бұл күні сату туралы келісімшарт сөзсіз сипатқа ие болады.

1999 жылғы 1 қаңтарға Е компаниясы табыс салығын салу үшін мынадай салық пулына ие болады:

	Мың АҚШ \$
Негізгі капитал бойынша амортизацияланбаған сальдо: (амортизацияның шекті нормасы 100%)	20 000
Бонустардын амортизацияланбаған сальдосы: (амортизацияның шекті нормасы 25%)	10 000
Өткен жылдардан ауыстырылған залал	30 000

1999 жылы көмірсутектерді сатудан түскен жылдық жиынтық табыс лицензияның 50% үшін 24 000 000 АҚШ долларын, немесе айына 2 000 000 АҚШ долларын құрады (орташа).

Лицензияның 50%-на иелік құқығы бар Е компаниясының амортизациялауға дейінгі шегерулері 1999 жылы 2 400 000 АҚШ долларын, немесе айына 200 000 АҚШ долларын құрады.

Жыл аяғына (1999 жылғы 31 желтоқсан) таза табысты есептеу Е компаниясы үшін төмендегідей болды:

	Мың АҚШ \$
Құқықтарды беруден түсетін түсім (50 000 + 10 000)	60 000
Бонустар бойынша амортизацияланбаған сальдо (10 000*20/50);	(4 000)
Негізгі капитал бойынша амортизацияланбаған сальдо (20 000*20/50):	(8 000)
Құқықтарды беруден түскен табыс	48 000
Көмірсутектерді сатудан түскен табыс (2 000 + 22 000*30/50)	15 200
Шегерулер (200 + 2 200 x 30/50)	(1 520)
Барлығы	61 680
Өткен жылдардан ауыстырылған залал	(30 000)
Таза табыс	31 680

Ғ компаниясы үшін 1999 жылғы 1 ақпаннан 31 желтоқсанға дейін 11 айдағы таза табысты есептеу:

	Мың АҚШ \$

Көмірсутектерді сатудан түскен табыс (22 000 x 20/50)	8 800
Шегерулер (2 200 x 20/50)	880
Мәміле құнының амортизациясы (25% x 60 000)	15 000
Жылдың аяғына ауыстырылған таза табыс	(7 080)

Ескерту: Құқықтарды беру кезінде тараптарға ҚҚС салынбайды.

### 33. Аффилиирленген тұлғаларға құқықтарды беру

Әрбір Мердігер компания аффилиирленген тұлғаларға құқықтарды толығымен немесе ішінара, өзара бөлектен немесе бөлектемей бере алады.

Мұндай мәміле ҚҚС-тан босатылады және оған заңды тұлғалардан табыс салығы алынбайды.

#### 4-мысал.

Мұнай мен газ өндіру лицензиясына төрт Мердігер компания ие:

Италияда тіркелген А компаниясы 30%

АҚШ-та тіркелген В компаниясы 30%

Нидерландта тіркелген С компаниясы 20%

Ресейде тіркелген D компаниясы, 20%

1997 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша барлық компаниялар мынадай позицияларға ие:

	A	B	C	D
Есепке жазылған ККС	10 000	10 000	13 000	9 000
Бонустар бойынша амортизацияланбаған сальдо	40 000	40 000	20 000	10 000
Негізгі капитал бойынша амортизацияланбаған сальдо	30 000	30 000	20 000	20 000
1999 жылдың басына ауыстырылған залалдар	20 000	10 000	2 000	10 000

А компаниясы қызметін Қазақстанда жүргізбейтін 1 итальян компаниясының 100% еншілес компаниясы болып табылады, А компаниясы өзінің лицензия үлесін 1998 жылғы 1 қаңтарда J компаниясына береді, J компаниясы да 1 компанияның еншілес компаниясы болып табылады және Нидерландта Қазақстандағы филиалымен тіркелген. Лицензия үлесін бергеннен кейін J компаниясы мынадай позицияларға ие:

Есепке жазылған ҚҚС	10 000
---------------------	--------

Бонустар бойынша амортизацияланбаған сальдо	40 000
Негізгі капитал бойынша амортизацияланбаған сальдо	1 30 000
1998 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылған залалдар	20 000

Құқықтарды беруге салық салынбайды. J компаниясы A компаниясындағыдай позицияға ие.

1998 жылғы I қаңтарда B және C компаниялары акцияларының үлесі олардың лицензиядағы үлесіне пропорционал акционерлік компанияны (АК) құрады. B компаниясы 60% акцияларға, ал C компаниясы - АК-тағы 40% акцияларға ие. Екі компания да АК-тағы лицензия үлесіндегі өзінің құқығын 1998 жылғы 1 қаңтарында береді. АК-тің құқықтарды беру сәтінен бастап салық позициясы төмендегідей:

Есепке жазылған ҚҚС	23 000 (10000+ 13 000)
Бонустар бойынша амортизацияланбаған сальдо	60 000 (40 000 + 20 000)
Негізгі капитал бойынша амортизацияланбаған сальдо	50 000 (30 000 + 20 000)
Жылдың басына ауыстырылған залалдар	12 000 (10 000 + 2 000)

Құқықтарды беруге салық салынбайды. АК B және C компанияларының құрамдастырылған салық позициясына ие.

Ресейде тіркелген және Қазақстанда тіркелмеген X компаниясы D компаниясының 100% иесі болып табылады. X компаниясы қазақстандық компания болып табылатын Y компаниясының акцияларын 100%-ға ие. 1998 жылғы 1 қаңтарда D компаниясы өзінің өткізу құқығын D және Y компаниялары арасындағы нарық делдалы туралы келісімнің бөлігі ретінде Y компаниясына өткізуге береді. D компаниясының салық позициясы құқықтарды беруден кейін іс жүзінде өзгерген жоқ, себебі D компаниясы әлі де лицензиядағы үлесіне ие:

Есепке жазылған ҚҚС	9 000
Бонустар бойынша амортизацияланбаған сальдо	10 000
Негізгі капитал бойынша амортизацияланбаған сальдо	20 000
Өткен жылдардың ауыстырылған залалдары	10 000

Құқықтарды беруге салық салынбайды. D компаниясы Y компаниясына делдалдық үшін нарықтық алым сомасына азайтылған салық позициясына ие болуды жалғастырады. Y компаниясына нарықтық алымдар бойынша салық салынады.

34. Үлесті беру (сату). Осы Келісімге қосылған тарап Келісімнен шыққан тараптың шығынын Үлесті беру (сату) туралы келісімде көзделген шектерде Мердігерге өтейді. Қосылатын компания осындай шығындарды қаншалықты өтесе, сондай мөлшерде ол шегеру құқығына, оның ішінде шығыстардың сипатына байланысты амортизация

құқығына ие. Егер бұл шығыстарды қосылған тарап төлейтін болса, Келісімнен шығатын тарап шегеру құқығына ие болмайды. Күмән болмас үшін ҚҚС, заңды тұлғалардан табыс салығы және басқа салықтар мен міндетті төлемдер бойынша берудің болжамды құны болмайды.

*5-мысал.*

Ресейде тіркелген J компаниясы мұнай мен газ өндіруге арналған лицензияның 50%-на ие. 1998 жылғы 1 қаңтарда J компаниясы 10% лицензияны қабылдайтын және кен орны бойынша \$ 16 миллион көлемінде шығыстарды көтеретін K компаниясымен шартқа қол қояды. Бұл міндеттемелерді K компаниясы 1999 жылдың наурызының аяғына қарай орындайды. Төменде лицензияның 50% иеленуде кейінгі 2 жылға корпоративтік табыс салығы бойынша есептердің нәтижелері келтіріледі.

1999 жылғы 31 желтоқсанның аяғындағы жағдай бойынша

	Мың АҚШ \$		
	Барлығы	J компаниясы	K компаниясы
Сатудан түсетін кіріс	30 000	24000	6 000
Өндірістік шығыстар	(4 000)	-	(4 000)
Капитал сипатындағы шығындар	(8 000)	-	(8 000)
Бас кеңсеге арналған шығыстар	•	(120)	(200)
1999 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша			
Сағудан түсетін кіріс	10 000	8 000	2 000
Өндірістік шығыстар	(1 000)	-	(1 000)
Капитал сипатындағы шығындар	(3 000)	-	(3 000)
Бас кеңсеге арналған шығыстар	•	(30)	(50)
1999 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша			
Сатудан түсетін кіріс	24 000	19 200	4 800
Өндірістік шығыстар	(3 000)	(2 400)	(600)
Капитал сипатындағы шығындар	(1 000)	(800)	(200)
Бас кеңсеге арналған шығыстар	•	(90)	(150)

1997 жылдың 31 желтоқсанында J компаниясы \$ 28 000 000 АҚШ көлемінде залалға ұшырады және \$ 4 000 000 АҚШ көлемінде негізгі құралдардың сальдосы амортизацияланбаған.

Амортизациялау есебі мынадай жағдайда жүргізіледі:

	Мың АҚШ S	
	J компаниясы	K компаниясы

1997 жылғы 31 желтоқсанына капитал сипатындағы шығындар бойынша амортизацияланбаған сальдо	4 000	-
Капитал сипатындағы шығындар	-	8 000
	4 000	8 000
Амортизация (25%)	(1 000)	(2 000)
1998 жылғы 31 желтоқсанына амортизацияланбаған сальдо	3 000	6 000
Күрделі шығындар	800	3 200 9 200
Амортизация (25%)	(950)	(2 300)
1999 жылғы 31 желтоқсанына амортизацияланбаған сальдо	(2 850)	6 900

1998-1999 жылғы J және K компаниясының табыс салығының есебі төмендегідей жүргізіледі:

#### Жылдың соңына 1998 жылғы 31 желтоқсан

	Мың АҚШ \$	
	J компаниясы	K компаниясы
Табыс	24 000	6 000
Шегерімтер (амортизацияны қоспағанда)	(120)	(4 200)
Амортизация	(1 000)	(2 000)
Ауыстырылған залалдар	(28 000)	
Салық салынатын табыстар/(ауыстырылған залалдар)	(5 120)	(200)

Жылдың соңына 1999 жылғы 31 желтоқсан		
Табыс	27 200	6 800
Шегерімтер (амортизацияны қоспағанда)	(2 520)	(1 800)
Амортизация	(950)	(2 300)
Ауыстырылған залалдар	(5 120)	(200)
Салық салынатын табыстар	18610	2 500
Табыс салығы (30%)	5 583	750

## 12-тарау. Салық шекарасы

35. Салықтарды есептеу мақсаттары үшін Мердігер, Жер асты құрылыстарына арналған рұқсат және Жер асты құрылыстарына арналған Келісім-шарт негізінде жүзеге асырылатын қызметті қоса алғанда Келісімнен туындайтын немесе соған байланысты барлық қызмет бойынша кірістер мен шығыстарды біріктіре алады, мұндай қызмет кәсіпкерлік қызмет болып есептеледі. Мердігер компаниялар Келісім

бойынша шегерген шығыстарды қоспағанда, осы Нұсқаулықтың күшіне енгеніне дейін келтірілген қалдық суларды айдауға байланысты шығыстар Жер асты құрылыстарына арналған рұқсат алынған кезеңдерде шегерілуге жатады. Бұл ретте Мердігер Келісімге жататын қызмет және Келісімге жатпайтын қызметі бойынша кірістер мен шығыстарды біріктіре алмайды.

Мердігер учаскеге байланысты қызметпен айналысып жүрген Мердігер компаниялар Келісімде көзделген қызмет бойынша өз салық жағдайын сақтайды.

Мердігер Келісімде көзделмеген қызметті жүзеге асырған жағдайда, ол осындай қызмет бойынша міндеттемелер туындаған сәттегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Салық заңнамасында белгіленген салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті. Салықтар мен төлемдерді есептеудің нақтылығын қамтамасыз ету үшін, Мердігер осындай қызмет бойынша дара салық есебін жүргізуге міндетті.

### **13-тарау. Ақпаратқа қол жетімділік**

38. Мердігер Салық инспекциясы өз құзыреті шегінде Мердігердің Республика алдындағы міндеттемелерін орындауға байланысты кез келген ақпаратқа, оның ішінде Қазақстаннан тыс банктерді қоса алғанда банк құпиясы болып табылатын ақпаратқа қол жеткізе алатынын мойындайды.

### **14-тарау. Оператор бойынша ереже**

39. Оператор бойынша ереже

1) Оператор Мердігер компаниялардың тапсырмасы бойынша агент ретінде іс-қимылды орындайды және олардың құқықтарын, артықшылықтарын, өкілеттіктері мен міндеттемелерін іске асырады. Оператордың функциялары Операциялық компанияларға беріле алады.

2) Оператор, Операциялық компаниялар мен Мердігер компаниялар осы Нұсқаулықтың ережелерін орындау үшін қажетті ақпаратты бір-біріне береді.

3) Тек Мердігер компаниялар Келісімде көзделген салықтар мен басқа да төлемдерді төлеу бойынша жауапты болады. Алайда, мұндай төлемдерді Оператор мен Операциялық компаниялар Мердігер компаниялардың атынан және олардың тапсырмасы бойынша жүргізуі мүмкін және мұндай жағдайда салық есептілігін берудің уақыттылығы үшін және Мердігер компаниялардың атынан салық төлемдерін төлеуге Оператор мен Операциялық компаниялар жауапты болады. Келісім бойынша салық есебінің біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында, салық жауапкершілігі осы Нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес тек Мердігер компаниялар. Оператор мен Операциялық компаниялар арасында таратылады.

4) Оператор мен/немесе Операциялық компаниялар, Мердігер компаниялардың атынан шыға отырып ешқандай табыс алмайды және ешқандай шығыстарды



көтермейді және әрқашан заңды тұлғалар үшін табыс салығы бойынша нөлдік нәтижесі болуы тиіс. Демек, не Оператордың, не Операциялық компаниялардың заңды тұлғалар табысына салынатын салығын, резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесі таза пайдасына салық бойынша, басқа да салық төлемдері бойынша міндеттемелері болмайды, бұл ретте Оператор немесе Операциялық компаниялар агент ретінде әр Мердігер компанияның атынан төленетін есептілікті тапсыруы және сол салықтар мен басқа да төлемдерді төлеуі мүмкін.

5) Келісімге байланысты Операциялық компаниялардың барлық қызметіне, Оператордың Салық міндеттемелерінің болмауы туралы осындай әдіс қолданылады.

6) Мердігер компаниялардың және Оператор мен/немесе Операциялық компаниялардың арасында, немесе Операциялық компаниялардың арасында пайдасыз негізде қызметтерді беру нәтижесінде туындайтындарды қоса алғанда, Келісімде көзделген ақша қаражаттарын аудару бойынша барлық операциялар салық салу мақсаттары үшін табыс болып табылмайды.

*6-мысал.*

Нидерландта тіркелген А компаниясы мен Б компаниясы, арақатынасы 60%:40% көмірсутектерін өндіруге арналған лицензияға қатысу үлесі бар: А компаниясы Оператор болып табылады. Келісім бойынша осы учаскедегі Оператордың міндетіне Жеткізу пунктiнен тыс көмірсутектерін өткізуді ұйымдастыру кірмейді. Мердігер (А + Б компанияларынан тұратын) осы өткізуді ұйымдастыру бойынша міндетті Операторға (А компаниясы) табыстайды. А компаниясы, Оператор бола отырып, 100% дистрибуция агенті (ДА) рөлінде әрекет етуге нұсқау алған қазақстандық заңды тұлғаны құрады. ДА Операциялық компания болып саналады және Операторға жататын Келісімнің тиісті бөлімдері толық ДА қолданылатын болады.

ДА өткізу қызметіне байланысты А компаниясына \$ 60 000 және Б компаниясына \$ 40 000 сыйақы белгілейді. ДА А мен Б компанияларының атынан тікелей көмірсутектерін сатып алушылармен байланысады. ДА, А мен Б компанияларының агенті бола отырып, А компаниясы және Б компаниясы атынан жүргізілген операциялар бойынша табыс салығына және ҚҚС жауап бермейді, ҚҚС және ДА төлеген табыс салығы, А мен Б компанияларының салықтары ретінде есептеледі. ДА-ға қызметтерді беру бойынша А мен Б компаниялары операцияларына ҚҚС салынбайды.

### **3-бөлім. Жер қойнауын пайдаланушылардың арнайы салықтары мен төлемдері 15-тарау. Бонустар**

40. Мердігер Келісімнің 2.1-бөлімінде белгіленген бонустар мен басқа е ұқсас төлемдерді ғана төлейді. Төленген және төлеуге жататын бонустар, мен төлемдердің жалпы сомасы 500 000 000 АҚШ долларына тең шектерді құрайтын болады. Осы сома Келісімнің және осы Нұсқаулықтың ережелеріне сәйкес амортизациялауға жатады.

## **16-тарау. Роялти**

41. Келісімнің талаптары бойынша Мердігер роялти төлемейді, өйткені оның осы салықты есептеу және төлеу бойынша қандай да бір міндеттемелері жоқ

## **4-бөлім. Табыс салығы 17-тарау.**

### **Занды тұлғалардың табыс салығы**

42. Әр Мердігер компания өзінің салық салынатын табысынан 30% мөлшерде табыс салығын төлеуі тиіс. Салық салынатын табыс жылдық жиынтық табыс пен шегерімдер арасындағы айырманы білдіреді. Жылдық жиынтық табысты және шегерулерді есептеу Салық кодексіне, Келісімге және осы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

## **18-тарау. Жылдық жиынтық табыс**

43. Жылдық жиынтық табысқа Қазақстан Республикасы шекарасының ішінде және одан тыс жерде көмірсутектерін өткізу нәтижесінде алынған табыс, Келісім бойынша қызметке сәйкес алынған басқа да (біржолғы) табыстар, сондай-ақ Келісім бойынша құқықтарды үшінші тарапқа беру нәтижесінде алынған табыс кіреді.

44. Көмірсутектерін өткізуден түскен табыс Мұнай-газ шикізатының құнын белгілеу бойынша келісімге сәйкес анықталатын болады және Салық кодексі 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес есепке жазу әдісі бойынша жылдық жиынтық табыс ретінде танылатын болады. Келісімнің 19.3 (с) бабына сәйкес өткізуден түскен табысты тану мақсатында жөнелту сәті болып сатып алушының тауарға жеке меншік құқығының көшу сәті қабылданады.

45. Көмірсутектерін айырбастау бойынша операциялар осы Нұсқаулықтың 18-тарауының 44-тармағына сәйкес осындай айырбастау операциялары нәтижесінде алынған көмірсутектерін өткізу сәтіне дейін жылдық жиынтық табысты есептеу мақсаттары үшін табыстың пайда болуына әкелмейді.

### *7-мысал.*

Қазақстандағы филиалымен Нидерландта құрылған, мұнай өндіруге арналған лицензияны алған Мердігер А компаниясы, 1998 жылдың ішінде мынадай операцияларды жүргізді. 1998 жылдың ішінде Ресей шекарасында сомасы 1 000 000 АҚШ \$ 50% тауарлық өнім сатылды. Өнімнің қалған 50% Ресейге қайта өңдеуге жіберілді, қайта өңдеуден кейін ол Ресейде өндірілген қайта өңделген газға айырбасталды. Бұл айырбастау операциясының сомасы 1 500 000 АҚШ \$ бағаланып отыр. Одан кейін газ Ресей және Польша арқылы Германияға тасымалданады және S 2 000 000 АҚШ сатылады.

Өнімді сатудан түскен жылдық табыстың есебі мынадай жолмен жүргізіледі:

--	--

Ресей шекарасында сатудан түскен табыс	АҚШ \$ 1 000000
Германияда газ сатудан түскен табыс	2 000 000
Барлығы	3 000 000

Осы жағдайда, \$ 1 500 000 мөлшерінде бағаланатын көмірсутектерін айырбастау бойынша операция, жылдық жиынтық табысты есептеу кезінде ескерілмейді. Жиынтық табыс сомасына Германияға газ сатудан түскен табыс қосылды.

46. Жылдық жиынтық табысқа Қазақстан Республикасының Пайдалы мұнайгаз шикізатындағы үлесі болып табылатын көмірсутектерінің құны кірмейді. Мердігер жылдық жиынтық табысты белгілеу мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Пайдалы мұнайгаз шикізатындағы үлесі бойынша есеп немесе қандай да бір есептеуді жүргізбейді.

## **19-тарау. Шегерімдер**

47. Әр Мердігер компания Келісімнен және Өнім бөлу принциптері туралы (ҮБПС) келісімнен туындайтын немесе соларға байланысты барлық қызмет бойынша көтерген барлық шығыстарды мұндай шығыстардың Қазақстан Республикасы аумағында немесе Салық кодексінің II бөлімінің 4-тарауына сәйкес оның шекарасынан тыс жерде көтерілгеніне қарамастан ағымдағы шығыстар ретінде немесе амортизациялық аударымдар арқылы және/немесе Қазақстан заңнамасын пайдалана отырып олардың құжаттамалық расталуы жағдайында шегере алады оның ішінде, бірақ олармен шектелмей мынадай шығыстар:

1) Өндіруге және көмірсутектері шикізатын өткізуге байланысты барлық тікелей өндірістік шығыстар, оның ішінде, нақтылау мақсатында, мыналарға қатысты барлық шығындарды:

(а) Өндіру үшін пайдаланылатын барлық ұңғымаларды, жолдарды, көпірлерді, бөгеттерді және басқа да активтерді пайдалану, жөндеу және/немесе ұстау (мұндай активтер пайдалануға берілген жағдайларда), Республика оны бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, оның ішінде:

(i) қолданыстағы өндіруші ұңғымалар (олар пайдалануда ма немесе уақытша тоқтатылған ба, осыған байланыссыз);

(ii) пайдалануға берілмеген өндіруші ұңғымалар (күрделі жөндеу күтілетін немесе технологиялық шектеулерге байланысты және техникалық себептер бойынша тоқтатылған; олар бұрғылаудан және күрделі жөндеуден кейін босату желісін қосудың күтілуіне байланысты);

(iii) қолданыстағы тоғысушы ұңғымалар (олар пайдалануда ма немесе уақытша тоқтатылған ба, осыған байланыссыз);

(iv) пайдалануға берілмеген тоғысушы ұңғымалар (күрделі жөндеуді жүргізу күтілетін немесе күрделі жөндеудегі; бұршлаудан және күрделі жөндеуден кейін босату желісін қосу күтілетін);

(v) жойылған ұңғымалар (толық жойылған, жойылған барлау ұңғымалары немесе жойылуы күтілетін, әр жағдайда олар пайдалануға берілді ме немесе жоқ па, бұған байланысты емес);

(vi) уақытша консервацияланған ұңғымалар;

(vii) қадағалау ұңғымалары;

(viii) арнайы белгіленген ұңғымалар (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, толық жойылған ұңғымаларды, газға жалғасатын терең емес учаскелердегі ұңғымалар, тастау ұңғымалары (бақылау мен мониторинг үшін пайдаланылатын немесе консервациялау күтілетін), консервацияланған ұңғымалар, Жерасты құрылыстарына арналған келісімшартта көзделгендей ағын суларын айдау үшін ұңғымалар, жерасты қойма ұңғымалары, "ЛИРА"объектісінің ұңғымасы және газ миграциялау мониторингі үшін ұңғымалар); және

(ix) бұрғылау және/немесе күрделі жөндеу сатысындағы ұңғымалар;

Осы 1-тармақшаның (a) (ii), (iv), (vi) және (ix) параграфтарында көрсетілген ұңғымалар бойынша шығындарды шегеру мақсатында Салық инспекциясы көмірсутектерін өндіру саласында Келісім шеңберінде кәсіпкерлік қызметке мұндай активтер тікелей және жанама қатысатындығы (қатысқандығы) туралы көмірсутек өндіру бойынша құзыретті мемлекеттік органның қорытындысын алуы мүмкін.

(b)мұнай-газ шикізатын Жеткізу пунктіне дейін алу, сақтап қалу, тазарту, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тапсыру және жеткізу (оның ішінде, күмәннан қашу үшін, Өндірудің қалыпты процесінде орны бар Мұнай-газ шикізатының кез келген шығынын) ; және

(c)коллектордағы қысымды ұстау, газды қойнауқатқа айдау және басқа да қайта өңдеу бағдарламалары;

(d)Өндіру үшін пайдаланылатын кез келген құралдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

*8-мысал.*

Қазақстандағы филиалымен АҚШ-та құрылған, мұнай өндірудің 70% лицензиясын алған Мердігер А компаниясы. Төменде, жылдың аяғында жоба бойынша орын алған Өндірістік шығындар сомалары келтірілген (1998 жылғы 31 желтоқсан).

	Мың АҚШ \$
Еңбекақы төлеу қоры	1 000
Шығыс материалдары	2 500
Жабдықтарды жалға алу	1600

Басқа да	400
Кен орынының Өндірістік шығыстары	5500

А компаниясының шегеруге жататын тікелей өндірістік шығыстары:

Кен орындарының өндірістік шығыстары (70%)	3 850
--	-------

2) Басқа да Өндірістік шығыстар, консультациялық қызметтерге арналған шығыстар, басқаруға арналған шығыстар, бухгалтерлер мен аудиторларға арналған шығыстар, кәсіби консультанттардың төлемдері, Қосалқы мердігерлерге төлемдер, сақтандыруға арналған шығыстар, маркетингтік шығыстар, жалға алу төлемдері, жалға алынған құралдарды жөндеу мен қызмет көрсетуге арналған шығыстар, еңбекақы төлеу бойынша және оларға қатысты төлемдер, сондай-ақ Өндіруге байланысты, әзірлеуге және өткізу пунктіне дейін өткізумен шығыстар, көмірсутегін айырбастау бойынша операцияларға арналған шығындар және басқалары, Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның шектерінен тыс келтірілген Өндірістік шығыстар.

Иссапарға арналған шығыстар осындай шығыстар орын алған сәтте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша есептеледі.

*9-мысал.*

Әр Мердігер компания А, В және С мұнайгаз кен орнына арналған лицензия үлесіне ие. Бұдан басқа, А компаниясы сауда компаниясының (СК) абсолюттік иесі болып табылады, ол Ресейге көмірсутегін өткізу үшін пайдаланады. Төменде әр компанияның егжей-тегжейлі сипаттамасы берілген.

Компаниялар	Заңды тұлға құрылған ел	Лицензиядағы үлесі
А	Нидерланды да	50%
В	Ұлыбританияда	25%
С	Ресей Федерациясында	25%
СК	Қазақстанда	-

А компаниясы кен орнында Оператор болып табылады. А компаниясының СК өткізгені үшін 200 000 АҚШ доллары көлемінде сыйақы алады. А компаниясының барлық көмірсутегіне меншік құқығы Ресей-Қазақстан шекарасында беріледі- В компаниясы көмірсутекті өңдеу үшін Ресейге жеткізеді. Өңдеу үшін сыйақы 200 000 АҚШ долларын құрайды. Содан кейін өңделген өнім Ресейде еркін айналымға түседі. С компаниясы ұқсас қызметті В компаниясына көрсетеді, бірақ өңделген өнімді Қазақстанға импорттайды және меншік құқығын беріп оларды сатады. Төменде шегеруге жататын басқа операциялық шығындар мысалында 4 компанияның төлемдері көрсетіледі:

	Мың АҚШ \$			
	А	В	С	СК

Өткізгені үшін сыйақы	200	-	-	-
басқа да нарық шығындары	-	100	100	100
Қазақстандық акциздер	1 000	500	100	100
Ресейлік кеден бажы	-	100	-	-

Өңдеу үшін сыйақы	-	200	200	-
Ресейдегі көлік тарифтері	-	300	200	-
Операциялық шығындардың барлығы	1200	1200	600	200
Оператордың үстеме шығыстары:	•	•	•	•
Еңбекақы (еңбекақы қорына салынатын салықты қоса алғанда)	500	-	-	-
Бухгалтерлік есеп және аудит	200	.	-	-
Кеңсені жалға алу	100	-	-	-
басқасы	200	-	-	-
Үстеме шығыстар барлығы	1 000	-	-	-
Оператордың үстеме шығыстарын қайтадан бөліп беру	500	250	250	-
Шегеруге жататын басқа да операциялық шығындар	1 700	1450	850	200

3) алынған несиелер (қарыздар) бойынша Мердігер төлеуге тиесілі проценттері (сыйақы), мынадай шекті сомалар бойынша шегеруге жатады;

(а) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қайта қаржыландыру ресми ставка бойынша есептеп, теңгедегі несиелер бойынша көрсетілген ставканың 50%-ға ұлғайтылған сомасы;

(б) Лондонның банкаралық нарығының ставка бойынша есептеп, шет ел валютасымен несиелер бойынша көрсетілген ставканың 50%-ға ұлғайтылған сомасы (Салық кодексінің 16-бабына сәйкес). Қазақстандық филиалды оның бас

компаниясымен қаржыландыру бұл мақсаттар үшін заем беруді білдірмейді. Проценттер бойынша шегеріс сомасы, осындай проценттерді төлеу кезінде оны ұстаған жағдайда, қаржы көзіндегі салық сомасына төмендетілмейді;

(4) геологиялық іздеу және барлау шығыстары мен бонустар капитал шығындар болып табылады және амортизациялық аударым арқылы жылдық жиынтық табыстан шегеруге жатады және жеке топты құрайды. Бұл топ бойынша амортизация жиырма бес процентпен (25%) ен жоғары жылдық ставка бойынша алғашқы бес жылда есептеледі, одан кейін әр Мердігер Компания өзінің таңдауы бойынша 0-ден 100 процентке дейін амортизация ставкасын қолданып, кейінгі жылдардың біреуінде шегеру қалдықтарын есептен шығаруы мүмкін.

*10-мысал.*

АҚШ-та тіркелген L Мердігер компаниясы 16 000 000 доллар көлемінде бонус төлеп 1997 жылғы маусымда Келісімге қол қойды, соның нәтижесінде L компаниясы мұнай-газ-конденсатының кен орнына лицензияның 100%-на ие болды. Кен орнынан жылдық таза табысы 40 жыл бойы жылына 100 000 долларды құрайды. Келісімге қосымшаларда Девон дәуірінің қабаттарын барлау ескеріледі. Кейінгі 6 жыл ішінде барлау жұмыстарының шығындары төменде көрсетіледі:

1998 жылғы 31 желтоқсанның аяғындағы жағдай бойынша	Мың АҚШ S			
	Геологиялық зерттеулер	Сейсмикалық зерттеулер	Барлау бұрғылау	Барлығы
1998	100	•	•	100
1999	150	100	•	250
2000	150	200	•	350
2001	100	250	•	350
2002	200	1000	300	1500
2003	100	2 000	10 000	12 100

L компаниясы, өндіру жүргізіліп отырған кен орнынан түсетін таза табысты мейлінше қысқарту үшін, геологиялық және барлау жұмыстарына жыл сайын өзінің шығыстары мен бонустарын амортизациялайды. 1998 жыл және 2001 жыл арасындағы кезеңде бұл таза табыс жылына 100 000 АҚШ долларына тең болды. Кейін, өткізу жағдайларындағы өзгерістерге байланысты бұл сома 2002 жылы 5 000 000 АҚШ долларына және 2003 жылы 20 000 000 АҚШ долларына дейін артады. Амортизацияны есептеу төменде көрсетіледі:

1998 жылғы 31 желтоқсанның аяғындағы жағдай бойынша	Мың АҚШ S			
	Ауысқан қалдық	Негізгі құрал-жабдықты сатып алу	Амортизация	Ауысқан қалдық
1997	-	16 000	-	16 000
1998	16,000	100	(100)	16 000

1999	16,000	250	(100)	16 150
2000	16 150	350	(100)	16 400
2001	16 400	350	(100)	16 650
2002	16 650	1 500	(5 000)	13 150
2003	13 150	12 100	(14 388)	10 912

1998 жыл - 2001 жыл бойынша кезеңде амортизацияға аударымдар, бұл топ үшін 25% көлемінде белгіленген шекті нормадан төмен нормалар бойынша есептелген.

2002 жылдан бастап, 1997 жылы бонусты төлеу сәтінен бастап бес жыл өткеннен кейін бонустын амортизацияланбаған сальдосының сомасы мынадай тәртіппен есептен шығарыла алады:

	Шектеусіз пул
1997 жылғы бонус	16 400
Кезеңдегі амортизация (1997 - 2001)	(400)
Қалдық құны	15 600
2002 жылғы амортизация	(5 000)
Талап етілмеген амортизация	10 600

Шектеусіз пул амортизацияланбаған шығысқа сальдо белгілейді, оның мерзімі бес жылдан астам.

2002 жылғы талап етілген сома мейлінше жоғары амортизациядан төмен. 2003 жылғы үшін 1997 жылғы бастапқы бонусты төлеу және 1998 жылғы кейінгі геологиялық зерттеулердің шығыстары мынадай тәртіппен есептен шығарылады:

	Мың АҚШ \$		
	Шетелген пул (жылына барынша 25% )	Шексіз пул	2003 жылғы амортизация
1999 жылға дейінгі шығындар	-	16 100	-
1999 жылдан бастап 2003 жылғы шығындар	14 550	-	-
Талап етілген амортизация (1997-2003 жылғы)		5 400	-
Есептен шығару үшін	14 550	10 700	-
2003 жылғы амортизация	3 638	10 700	(14 338)
Ауысқан қалдық	10 912	-	•

2003 жылғы талап етілген сома - ең жоғарғы амортизация.

1997-2002 жылғы салық салуға жататын жиынтық таза табыс жоқ, себебі инвестиция бойынша шығындар амортизациясы, өндіру жүргізіліп отырған кен



орындарынан алынған таза табысты жабуға жеткілікті. 2003 жылғы амортизация жеткіліксіз және жиынтық таза табыс мынадай болып көрсетілген:

	Мың АҚШ \$
Өндіру жүргізіліп отырған кен орнынан таза табыс	20 000
Амортизация	(14 338)
30% ставка бойынша салық салуға жататын жалпы таза табыс	5 662
Табыс салығы	1 699

5) негізгі құрал-жабдық құны:

(а) негізгі құрал-жабдықтардың құны амортизациялық аударымдарды есептеу жолымен шегерімге жатқызылады. Негізгі құрал-жабдықтар осы Нұсқаулықтың № 1 қосымшасына сәйкес амортизацияның белгіленген шекті нормалары бар топтарға бөлінеді, осы 47-тармақтың (9) және (11) тармақшаларына сәйкес 100 % амортизацияға жататын шығыстар қосылмайды, олар әрбір Мердігер компанияның қалауы бойынша қолданылатын амортизация нормасы 100 %-ға дейінгі жеке салық тобын құрайды. Салықтық есептілікті беру мақсаттары үшін амортизация нормасы 100 %-ға дейінгі осындай жеке салық тобы бөлінуге жатпайды;

(б) әр Мердігер компания кез келген ставка бойынша амортизацияны жыл сайын есептеуі мүмкін, егер ол ең жоғарғы ставкаға тең немесе одан төмен болса;

(с) СПРД 3 және 5.2-баптарына сәйкес 1992-1995 жылдары төленген бонустар Келісім бойынша бонус есебіне төленген аванс төлемдерін білдіреді. Келісімнің 19.3 (IV) Бөліміне сәйкес салық салу мақсатында осы бонустар амортизациялық аударымдар түрінде 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап есептен шығарылуы тиіс;

(d) СПРД бойынша қызметке байланысты шығынға ұшырау Келісімнің

19.3 (д) (IV) бабына сәйкес амортизация арқылы шегеруге жатқызылады;

б) амортизацияға жататын жоба бойынша меншікті және ортақ топтарға байланысты Мердігер компанияларды есепке алу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

(а) жоба бойынша ортақ топтардың құндық балансы бойынша есепке алу-ды 1997 жылғы I қазандағы жағдай бойынша қолданыстағы Келісім және Салық заңнамасының шартына сәйкес Оператор жүргізеді. Оператор белгіленген мерзімде осы Нұсқаулықтың 19-тарауы 47-тармағының 5 (а) тармақшасын есепке алып, амортизацияға жататын топтар, жүргізілген капитал жұмсалымы, жөндеуге жұмсалған шығыстар бойынша есепті Мердігер компанияларға жібереді;

(б) Мердігер Компаниялар осы есепті жиынтық жылдық табыс және жүргізілген шегеру туралы декларацияны жасағанда пайдаланады, содан кейін олар салық жылының соңындағы жағдай бойынша топтардың құндық балансы туралы ақпаратты Операторға ұсынады;

(с) амортизацияға жататын олардың меншікті топтары бойынша Мердігер Компанияларды есепке алу осы Нұсқаулықтың 19-тарауы 47-тармағының 5(а)-тармақшасын есепке алып, өздігінен жүзеге асырылады. Амортизацияға жататын, жоба бойынша меншікті және ортақ топтар бойынша амортизациялық аударымдар жинақталады және әр Мердігер Компанияның жылдық жиынтық табысы және жүргізілген шегерулер туралы декларацияда тиісті түрде көрсетіледі;

7) егер жаңа жабдық орнатылса, осындай жабдық пайдалану мерзімі үш жылдан астам Технологиялық жабдық болып табылмаған жағдайда, осы 19-тараудың 47-тармағы 9) тармақшасына немесе 5(а) тармақшасына сәйкес оған амортизация есептеледі;

8) Егер Бухгалтерлік есеп тәртібі бойынша сатып алынатын тауарлардың құны капиталдандыруға жатпаса, осындай тәртіп табыс салығын есептеу үшін қолданылады және мұндай тауарлардың құны шегерілуге жатады;

9) Келісімге сәйкес және оған байланысты өзінің құрылысы бойынша шығындар, сатып алынған пайдалану мерзімі үш жылдан астам технологиялық жабдықтың құны Келісім күшіне енген сәтінен бастап әр Мердігер компанияның шешімі бойынша 100 % -ға дейінгі мөлшерлеме бойынша амортизация арқылы шегеруге жатады.

Келісімнің 19.3 (d) (VIII) бөлімінің ережелерін ескере отырып, мұндай шығыстар тиісті активті пайдалану басталғаннан бастап 100 %-ға дейінгі амортизация нормасы бар бірыңғай жеке салық тобын құрайды;

10) жаңа жабдықты орнатуды көздемейтін жөндеуге, тексеруге және мерзімді техникалық қызмет көрсетуге шығындар Салық кодексінің 21-бабына сәйкес шегеруге жатады.

11) Республиканың Мердігерге пайдалануға берген активтері мен құрылыстарын ұстауға, жөндеуге және жаңартуға шығындар ағымдағы кезеңде не "Бухгалтерлік есеп тәртібінің" VI Қосымшасының және Келісімнің 19.3 (d) (VIII) бөлімінің ережелеріне сәйкес амортизациялық аударымдар арқылы Келісім күшіне енген сәттен бастап шегерімдерге жатқызылуға тиіс, сондай-ақ көрсетілген шығыстар, егер осы шығыстар жұмсалған сәтте олар ағымдағы шегерімдерге жатқызылмаса, тиісті активтер мен құрылыстарды пайдалану басталғаннан бастап 100 %-ға дейінгі амортизация нормасымен бірыңғай жеке салық тобына да енгізіледі;

12) жергілікті персоналды оқыту, инфрақұрылымды дамыту шығыстары, қоршаған ортаны қорғау шығыстары, әлеуметтік сала шығыстары, Ақсай қаласына және маңындағы елді мекендерге электр энергиясын өндіру және жеткізу шығыстары, сондай-ақ өндірістік гигиена мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету шығыстары және Келісімде белгіленген Қазақстан Республикасының ішінде, сондай-ақ оның аумағынан тыс жерлерде кез келген басқа да шығыстарға салық шегерімі, амортизациясы немесе тозуы есептелуге тиіс.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін қоршаған ортаны қорғауға арналған шығыстар, оның ішінде:

(i) Мердігер компаниялардың Қарашығанак кен орнының санитариялық-қорғаныш аймағын кеңейтуге байланысты шеккен шығыстары (қаржыландырылуы "Қарашығанак мұнай-газ конденсаты кен орнының есептік санитариялық-қорғау аймағында орналасқан елді мекендердің тұрғындарын көшіруді қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 595 қаулысымен бекітілген жаңадан анықталған/жоспарланып отырған санитариялық-қорғаныш аймағының шекаралары шегіндегі елді мекендердің тұрғындарын көшіру және жайластыру жөніндегі шығыстарды қоса алғанда);

(ii) Келісімнің 17-бөліміне сәйкес жүргізілетін ШКС зерттеу және мониторинг бағдарламасына байланысты Мердігер орындайтын жұмыстарға жататын шығыстар;

13) заңнамаға сәйкес кәсіпкерлік қызметке байланысты емес шығыстар салық мақсатындағы шегерістер болып табылмайды. Мердігер Компаниялар Салық кодексіне сәйкес шегеруге жатпайтын шығыстарды шегеруге жатқызбайды;

14) Қазақстан Республикасының пайдалы мұнай-газ шикізатымен берілген немесе төленген үлесінің құны заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы үшін салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерім болып табылмайды.

Келісімнің 9-бабына сәйкес мұнай-газ шикізатын бірлесіп өткізуге байланысты барлық шығындар Келісім күшіне енген сәттен бастап Мердігер мен Республика арасында барабар негізде бөлінуге тиіс.

Мұнай-газ шикізатын бірлесіп өткізуге байланысты шығындарды қоспағанда, Мердігердің Жол қорына төлемдерін қоса алғанда, Келісімге сәйкес Мердігер шеккен барлық шығыстар Мердігер мен Республика арасында бөлінбейді және Салық кодексінің 14-бабы мен осы Нұсқаулықтың ережелері ескеріле отырып, толық көлемде шегерімге жатқызылуға тиіс. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Пайдалы мұнай-газ шикізатындағы үлесі болып табылатын көмірсутектер құнының Мердігердің жылдық жиынтық кірісіне қосылмауы осы Нұсқаулықтың 46-тармағының ережелеріне сәйкес мұндай шегерімдерді айқындауға әсер етпейді.

10-1 мысал.

Салық кезеңі (күнтізбелік жыл) үшін Келісім бойынша шеккен шығыстар:

(i) Қазақстан Республикасына қатысты Мұнай-газ шикізатын бірлесіп өткізуге байланысты шығыстар – 2 000 000 АҚШ \$ (барабар бөлінген);

(ii) Мердігерге қатысты Мұнай-газ шикізатын бірлесіп өткізуге байланысты шығыстар – 8 000 000 АҚШ \$ (барабар бөлінген);

(iii) жол қорына төлемдер – 1 000 000 АҚШ \$;

(iv) барлық өзге шығыстар – 30 000 000 АҚШ \$.

Салық кезеңі (күнтізбелік жыл) үшін заңды тұлғалардан алынатын табыс салығының мақсаттары үшін шегерімге жататын Мердігердің шығыстары:

Атауы	Барлық келтірілген шығыстар			Мың АҚШ \$ Шегерімдер	Түсіндірмелер
	Мердігер	Республика	Барлығы	Мердігер	
Мұнай-газ шикізатын бірлесіп өткізуге байланысты шығыстар	8,000	2,000	10,000	8,000	Бұл шығыстар Мердігер мен Республика арасында барабар негізде бөлінеді және Мердігердің 8000 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі есептелген үлесіне сәйкес шегерімге жатқызылуға жатады
Жол қорына төлемдер	1,000	0	1,000	1,000	Мұндай шығыстар Мердігер мен Республика арасында бөлінбейді және толық мөлшерде шегерімге жатқызылуға тиіс
Барлық өзге шығыстар	30,000	0	30,000	30,000	Мұндай шығыстар Мердігер мен Республика арасында бөлінбейді және толық мөлшерде шегерімге жатқызылуға тиіс
Барлық шығыстар	39,000	2,000	41,000	39,000	

15) Мердігер Компаниялармен төленген мына Салықтар мен төлемдер, оның ішінде Оператор және Операциялық компаниялардың әр Мердігер Компаниясына үшін төлеген Салық пен төлемнің тиісті үлесі:

- (a) заңды тұлғаларды тіркеу үшін алым;
- (b) қызметтің жекелеген түрімен айналысу құқығына алымдар;
- (c) кедендік төлемдер;
- (d) жерді жалға алу үшін төлемдер;
- (e) су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем;
- (f) орманды пайдаланғаны үшін төлем;

- (g) Қоршаған ортаны қорғау қорына төлемдер;
- (h) Жол қорына төлемдер;
- (i) Мемлекеттік жұмыспен қамту қорына төлемдер;
- (j) Зейнетақы қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына және міндетті медициналық сақтандыру қорына төлемдер;
- (к) мемлекеттік баж салығы;

16) Республика бюджетіне төлеуге жататынды қоспағанда, айыппұлдар, оның ішінде тұрақсыздық айыппұлы мен есімақы.

17) Келісімнің VI Қосымшасының 2.10-бабына сәйкес Келісімнің әр жылы есептелетін жиынтық Қайтарылатын шығыстардың 2,14% көлеміндегі әкімшілік үстеме шығыстар шегеруге жатқызылады. Шегеруге жатқызу үшін растайтын құжат болып Операторға қойылған Мердігер компаниясының шоты табылады, Осы ереже Келісімнің күшіне енген сәтінен бастап қолданылады.

**Ескерту. 47-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2021 № 959 қаулысымен.**

48. Әр Мердігер компанияның шегеруге жатқызатын шығыстары, осындай шығыстарды растайтын кез келген бір бастапқы құжатты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, шарты, шот-фактураны, хат алысу материалдарын немесе қабылдау актілерін ұсыну жолымен негізделу керек. Бұл ретте, Салық инспекциясы Келісімнің 19.9-бөлімінің (i) тармақшасына сәйкес кез келген ақпаратты сұратуға құқылы.

49. Қарашығанақ кен орнының шегінде (яғни Санитарлық-қорғау аймағында) орналасқан бөгеттер, жолдар, көпірлер, вахталық кенттер, бақылау өткізу пункттері Қарашығанақ кен орнының технологиялық кешенінің бөлігі болып есептеледі және осыған байланысты шығындар ағымдағы кезеңде шегерулерге жатқызылуы мүмкін немесе технологиялық кешенге қолданылатын осындай рәсім бойынша амортизациялау жолымен, егер қажет болса, оның ішінде, осы Нұсқаулықтың 47 (9) және (11) тармақтарына сәйкес және Қарашығанақ кен орнының шегінде (яғни Санитарлық-қорғау аймағында) орналасқан және Қарашығанақ кен орнының технологиялық кешенінің бөлігін қалыптастыратын басқа да осындай активтерді қоса алғанда, осындай рәсім бойынша шегеруге жатқызылуы мүмкін.

## **20-тарау. Залалдар**

50. Егер қандай да бір жылы Мердігер компанияда (Мердігер компанияларда) залал пайда болса, бұл залал жеті жылға ауыстырылады және салық салынған табысты төмендету үшін пайдаланылады. Егер залал бір жылдан артық мерзімде орын алған жағдайда, ертеректегі шыққан залал бірінші кезекте ауыстырылады.

51. 1997 жылдың 18 қарашасындағы Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (Келісім) қол қойылғанға дейін, Мердігер учаскесінде қызмет еткен Мердігер Компаниялар 1995 жылдың наурызында қол қойылған Өнімді бөлу принциптері туралы

келісім (СПРД) тарапы болды. Бұл, Мердігер Компаниялардың залалдарды болашақ және өткен кезеңдерге шектеусіз ауыстыруға қол жеткізулеріне мүмкіндік берді. Келісімге сәйкес, әр Мердігер Компаниялармен 1995 жылдың наурыз айынан 1997 жылдың желтоқсан айы арасындағы кезеңде келтірілген залалдар, 1997 жылдың 31 желтоқсанына дейін жалпы сомада есептеліп, 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеті жылға ауыстырылады.

52.1995 жылдың наурыз айынан 1997 жылдың желтоқсан айы арасындағы кезеңде келтірілген залалдар сомасын анықтау үшін, Келісімге қол қойылғанға дейін қызмет атқарған Мердігер Компаниялар, Келісімге сәйкес, қызмет бойынша осыған дейінгі кезеңде шыққан залалдарды қоса алғанда, таза табысы немесе залалы көрсетілген, 1997 жылға жеке салықтық декларация ұсынулары қажет. Аталған салықтық декларацияларда, СПРД бойынша салықтық аудару тәсілінен Келісіммен бекітілген тәсілге өтумен байланысты пайда болған түзетулер ескерілген көрсеткіштер болуы қажет.

*11-мысал.*

А Мердігер компаниясы Өнімді бөлу принциптері туралы келісімге (СПРД) 1995 жылдың наурыз айында, ал Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (Келісім) 1997 жылдың қараша айында қол қойды. А компаниясының ОБПК-сы бойынша залалдарды болашақ және өткен кезеңдерге шектеусіз ауыстыру құқығы берілген. Алайда, СПРД Келісіммен алмастырылды және мен 1995 жылдың наурыз айынан 1997 жылдың қараша айы арасындағы кезеңде келтірілген залал қазіргі кезде Келісімге сәйкес есептеледі және қарастырылады және 7 жыл ішінде "бірінші алынған - бірінші ауыстырылған" негізінде ауыстырылады. Төменде А компаниясының 1995 жылдан 2004 жылға дейінгі мынадай көрсеткіштері келтірілген.

Жыл	Мың. АҚШ S				Ескертулер
	Таза табыс (Таза залал)	Аталған залалдар	7 жыл барысындағы залалдар	Ауыстырылған залалдар	
1995	(1 000)	•	•	(1 000)	Болашақ кезеңдерге шектеулі ауыстырылған залалдар
1996	(500)	•	•	(1 500)	
1997	(300)	•	•	(1 800)	
1998	(100)	•	•	(1 900)	7 жыл ішінде болашақ кезеңдерге ауыстырылған залалдар
1999	0	•	•	(1 900)	
2000	0	•	•	(1 900)	
2001	0	*	•	(1 900)	
2002	0	800	•	(1 100)	
2003	0	100	•	(1 100)	
2004	0	•	900	(100)	

## **21-тарау. Құбырлардағы өнім**

53. Құбырларда және сатылғанға дейінгі жабдықтарда болатын (пайдаланылған) көмірсутек бағасы, табыс салығын есептеу мақсаты үшін табыс және шығыстарда ескерілмейді.

*12-мысал.*

Мұнай және газ өндірісіне лицензия алған А Мердігер компаниясы, Мұнайгаз кен орнынан шыққан жаңа құбыр бөлімін өндіріске енгізді. Ол көмірсутектерді, кен орнынан қабырға тасымалдайды, бірақ оның өткізу нарығы жоқ. Құбырдағы көмірсутек құны \$ 1 000 000 АҚШ. Бұл сома жылдық жиынтық табысқа жатқызылмайды және оған салық салынбайды.

## **22-тарау. Салықтық декларациялар**

54. Күдік туғызбау мақсатында, 22-тарау шарттары осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарының шарттарын ескерумен қолданылады.

55. Әр Мердігер компания, жылдық жиынтық табыс және жасалған шығыстар туралы декларацияны жергілікті салықтық тіркеу бойынша есептік жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін тапсырады. Декларация қосымшаларымен бірге осы Нұсқаулықтың № 2 Қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалып, тапсырылуы тиіс.

56. Оператор және Операциялық компаниялар, Келісімге қатысты қызметтер бойынша декларациялар тапсырмайды, себебі бұл қызмет бойынша декларациями Мердігер Компаниялар ұсынады.

57. Салық төлеуші, салықтық декларациясын тапсыру мерзімін ұзарту туралы, сол мерзімге дейін өтініш білдірген жағдайда, Салық инспекциясының жетекшісі декларация тапсыру мерзімін ұзарта алады. Осы тармаққа сәйкес декларация тапсыру мерзімін ұзарту салық төлеу мерзімін өзгертпейді.

58. Мердігер Компанияның Келісім бойынша қызметі аяқталғаннан кейін, Салық инспекциясы, себебін және мерзімін, қашан және қай кезеңге декларация тапсыруы қажет екені көрсетілген хабарландыру хатын ұсыну жолымен, 12 айдан аз кезең үшін табыс туралы декларация тапсыруды талап ете алады.

59. Келісім аясынан тысқары қызметтер бойынша, Мердігер және Операциялық компаниялар бөлек салықтық есеп жүргізеді және жылдық жиынтық табыс туралы декларацияны және міндеттілік туындаған кезеңдегі Қазақстан Республикасы заңнамаларында орнатылған тәртіп және нысан бойынша жасалған шегерулермен декларация тапсырады.

60. Оператор Мердігердің мәліметтерін шоғырландыратын Мердігер компаниялардың тіркелу орны бойынша жылдық Жинақтық есеп тапсырады. Бұл есеп ақпараттық мақсаттарда ғана ұсынылады және пайдаланылады. Оператор Мердігер Компаниялардың салықтық декларацияларын толтыруларына және сол

декларациялардағы тараулардың түсіндірілулері үшін жауапкершілікке тартылмайды, сонымен қатар Мердігер компаниялардың заңды тұлғалар табысына салынатын салықтың уақытылы және толық телеулері үшін жауапты емес.

61. Тапсырылатын Жинақтық есептерде Мердігер Компаниялардың жеке салықтық декларацияларында жазылған ақпараттар ескеріліп көрсетілуі тиіс. Жинақтық есеп осы Нұсқаулықтың № 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

62. Аталған Жинақтық есептің рәсімделу тәртібі мынадай:

1) Мердігер компаниялар, Оператор және Операциялық компаниялардан алынған есептер негізінде жеке декларациялар құрастырады. Декларациялар алдын-ала, Жинақтық есеп тапсыру бойынша міндетті Операторға жолданады;

2) егерде Мердігер компанияларда, декларацияларына кірген, жеке операциялары бойынша қосымша ақпарат болса онда олар, сол бойынша Операторға есеп тапсыруы тиіс. Оператор бұндай есептерді, осы операциялардың Келісім тараптарының мүдделеріне қатыстылығын анықтау мақсатында қарастырады, бұдан кейін аталған есептерде, сәйкесінше декларацияларда, Мердігер компаниялармен келісілген түзетулер енгізуге болады.

63. Оператор Мердігер Компаниялар және Операциялық компаниялар, Мердігер Компаниялардың және Мердігер бойынша Оператордың Жинақтық есебі салықтық декларацияларын уақытылы тапсыру мақсатында, жоғарыда аталған рәсімдеу тәртібін жүргізу мерзімін өзара келіседі.

64. Жинақтық есеп Мердігер Компаниялардың декларация тапсыру мерзімінде ұсынылады.

*13-мысал.*

Берілетін Жинақтық есептің шарттары бойынша.

А, В, С және D Мердігер компанияларының көмірсутек өнімі лицензиясындағы үлесі, сәйкесінше 30%, 30%, 20% және 20% құрайды. А және В компаниялары Операторлар болып табылады.

А компаниясы - филиалы Қазақстанда орналасқан Нидерландта құрылған заңды тұлға.

В компаниясы - филиалы Қазақстанда орналасқан Ұлыбританияда құрылған заңды тұлға.

С компаниясы - филиалы Қазақстанда орналасқан АҚШ-та құрылған заңды тұлға.

D компаниясы - филиалы Қазақстанда орналасқан Ресейдегі заңды тұлға.

А және В компаниялары, Қазақстанда филиалы орналасқан Италияда құрылған заңды тұлға Шығындар бойынша Операциялық компанияны (ШОК) құру туралы шешімге келді.

А, В, С және D компаниялары өткізу жұмыстарымен өз алдына жұмыс істеу туралы шешімге келіп, өткізу бойынша құқығын, Дистрибьютор акционерлік компаниялары (ДАК) деп аталатын, қазақстандық заңды тұлға болуы мүмкін өздерінің жеке



аффилирленген компанияларына береді және олар дистрибуция бойынша агент ретінде әрекет етеді.

А, В, С және D компанияларына заңды тұлғаларынан табыстық салық бойынша жекелеген салықтық декларациялар тапсыру қажет болады.

Бұдан басқа, Оператор (А және В компаниялары) ақпараттық мақсаттар үшін Жинақтық есеп дайындауға жауапты.

1998 жылғы 31 желтоқсан мерзіміндегі нәтижелері:

Компаниялар, өздерінің агенттері арқылы, яғни ДАК көмірсутектерді мынадай шамада сатты:

А компаниясы	\$ 1 500 000 АҚШ
В компаниясы	\$ 1 800 000 АҚШ
С компаниясы	\$ 1 200 000 АҚШ
Д компаниясы	\$ 1 2000000 АҚШ

ДАК сыйақы ретінде \$ 20 000 АҚШ алды. Бұдан басқа, D компаниясы өзінің ДАК арқылы, Ресейде көмірсутекті қайта өңдеу үшін \$ 100 000 АҚШ теледі.

Кен орны бойынша жалпы өндіріс шығыстары бір жылда \$ 1 500 000 АҚШ құрады.

Кен орнының жалпы капиталдық шығыстары \$ 1 000 000 АҚШ құрады. Бұл жылға, барлық капиталдық шығындарды 100% амортизациялау ставка бойынша амортизациялауға болады. А, С және D компаниялары амортизацияның ең жоғары ставкасын пайдалану туралы шешімге келді. В компаниясы мүлдем амортизацияламауды ұйғарды. \$ 400 000 АҚШ сомасында ауыстырылған амортизацияланбаған қалдығы бар С компаниясын ескермегенде, өткен жылдардағы сальдо ауыстырылмаған. \$ 400 000 АҚШ қалдықты, максималды мүмкін 25% төмендетілген қалдық ставкамен амортизациялауға болады.

Мердігер компаниялар лицензиямен байланысты мынадай бас офис шығындарын көрді:

А компаниясы	\$ 20 000 АҚШ
В компаниясы	\$ 25 000 АҚШ
С компаниясы	\$ 10 000 АҚШ
Д компаниясы	\$ 20 000 АҚШ

Оператор ұсынатын Жиынтық есеп мыналардан тұруы қажет (сомалар мың АҚШ доллары шамасында көрсетілген):

	А	В	С	Д	Түзетулер	Барлығы
Көмірсутек сату	1 500	1800	1200	1 200		5 700
Өңдеу үшін төлем	.	.	.	(100)		(100)

КОС жасалған және Мердігер компаниялар арасында бөлінген шығындар	(450)	(450)	(300)	(300)		(1 500)
Амортизация	(300)	0	(300)	(300)		(800)
Бас офис шығындары	(20)	(25)	(10)	(20)		(75)
Қаржылық нәтиже	730	1325	590	580		3 225

Ескерту: Бір немесе одан да көп ДАК болуы мүмкін.

### 23-тарау. Төлем (табыс) көзіндегі салық

65. Осы Нұсқаулықтың 66 және 67 тармақтарының шарттарын ескере отырып, осы Нұсқаулықты бекітетін Үкімет қаулысын күшіне енгізген мерзімнен бастап, Келісім күшінің аяқталу мерзіміне дейін, Мердігер және Операциялық компаниялар, үшінші тарап болып табылатын жеткізушілерден салық ұстап қалу мақсатында салық төлету мәселелерін реттейтін Салықтық заңнамалардың шарттарына сәйкес (*Резидент емес тарап табысына салық салу бойынша қазіргі заңнама*), 2011 жылдың 16 желтоқсаны жағдайындағы барлық толықтырулар және өзгертулерімен қоса, үшінші тарап болып табылатын жабдықтаушылардан ұсталынатын салықты қамтамасыз ететін рәсімдерді жасап, енгізеді.

66. Мердігер және Операциялық компанияларға қолданылатын төлем көзіне, резидент емес табыстарына салық салу тәртібіне қатысты рәсімдер жұмыс тәртібін құру мақсатында, осы Нұсқаулықтың 65 тармағы Мердігер мен және Республикамен келісілді және де бұндай тәртіп Мердігер және Операциялық компаниялардың, Келісімнің шарттарына және осы Нұсқаулықтың 68 ден 75 тармақтарына жүгіну құқығына шектеу жасамайды.

67. Егер 2011 жылдың 16 желтоқсанынан кейін Резидент емес тарап табысына салық салу бойынша қазіргі заңнамаға өзгерістер енгізілсе немесе төлем көзіне салық салу бойынша кез-келген жаңа заңнамалық және нормативтік актілер (*Резидент емес тарап табысына салық салу бойынша жаңа заңнама*) күшіне енсе, Мердігер және Операциялық компаниялардың Резидент емес тарап табысына салық салу бойынша қазіргі заңнамаға сәйкес резидент емес тараптардың табысына салықты ұстап қалу мәселелерін реттейтін рәсімдерді жасап енгізу, Мердігер және Операциялық компаниялардың, Келісімнің шарттарында және осы Нұсқаулықтың 68 ден 75

тармақтарында қарастырылған құқықтары негізінде, оларға немесе олардың қызметіне Резидент емес тарап табысына салық салу бойынша және заңнамаға наразылықтарын білдіру құқығын қандай жағдайда болмасын шектемейді.

68. Егер табыс көзі Қазақстанда орналасса (қазақстандық табыс көздері), Мердігер, шегерімдерсіз тұтас табыс бойынша төлем көзінде, тұрақты мекемемен байланысы жоқ, резидент еместің табысына салық салуға жауапты. Төлем көзіндегі резидент еместің табыстарына салық салу, Салық кодексінің 33-бабында көрсетілген ставкалар бойынша іске асады, ал қазақстандық кезден резидент еместің табысы, Келісімге қол қойылған күндегі жағдайы бойынша, Салық кодексінің 5-бабы 6-тармағына сәйкес анықталады (Келісімнің 19.3 (а) және 19.9 (б) бөлімдеріне сәйкес). Аталған тәртіп, сыртқы тауарлық келісім шарттар бойынша республика аумағына кіргізілген импорттық тауарларға төлеу кезінде қолданылмайды.

69. Тұрақты мекемемен байланысы жоқ резидент еместің табысы, тұрақты мекеменің құрылуынсыз, немесе тұрақты мекеме арқылы іске асырылатын қызметтен өзгеше қызмет түрінен табыс табу деп анықталады. Төлем, Қазақстан Республикасы аумағында немесе аумағынан тысқары жасалса да төлем көзіндегі салық қолданылады.

70. "Қазақстандық табыс көздері"мынадай ұғынылады:

1) Қазақстан Республикасы аумағында тауар сатудан түскен табыс. Табыстың бұл түрі қазақстандық көздерден деп саналады, егерде келісімді рәсімдеу немесе қол қою кезінде тауар Қазақстан Республикасы аумағында болса.

2) басқару, қаржылық және сақтандыру қызметтерінен түсетін табыс, егер ол тұрақты мекеме немесе Қазақстан Республикасы резиденті табысынан шегерілетін болса.

3) резидент болып табылатын заңды тұлғадан түскен дивиденд және де, инфляция түзетулерін ескергендегі ашық акционерлік қоғамының бағалы қағаздарын өткізу кезінде баға есімінен түскен табысты ескермегенде, осындай заңды тұлғаға қатысу үлесін өткізуден түскен табыс.

4) Резиденттен немесе Қазақстан Республикасында орналасқан тұрақты мекемесі немесе мүлкі бар тұлғадан алынған процент түріндегі табыс, егер де аталған тұлғаның қарызы оның тұрақты мекемесіне немесе мүлкіне қатысты болса;

5) Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табыс, аталған мүлікке қатысу үлесін өткізуден түсетін табысты қоса алғанда :

6) зейнетақы, егер де ол резидентпен төленетін болса;

7) Қазақстан Республикасындағы тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру келісім шарттары бойынша төленетін сақтандыру төлемдері түріндегі табыс;

8) Қазақстан Республикасы және өзге де мемлекеттер арасындағы телекоммуникация немесе транспорттық қызметтерден түсетін табыс;

9) Қазақстан Республикасындағы қызметі негізінде пайда болатын, алдыңғы тармақшалармен қамтылмаған басқа табыстар.

*14-мысал.*

Қазақстандық көздерден алынатын табыстарға, осы тармақта көрсетілген қызмет түрлерін ескермегенде, Мердігерге және оның Аффилирленген тұлғасына Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары жасалған техникалық қызметтер көрсеткеннен түсетін табыстар жатпайды.

71. Растайтын құжаттарының болуы жағдайында, тараптармен бекітілген рәсімдерге сәйкес, әр Мердігер компанияның Қазақстан Республикасы аумағында немесе одан тысқарыда резидент еместерге төленетін жалпы төлемдер, салық салынатын табысын анықтау үшін шегеріледі.

*15-мысал.*

Қазақстан Республикасынан тысқарыда көмірсутегін өткізуге қатысты Ресейде көрсетілген маркетингтік кеңес беру қызметіне сыйақы шегеріледі, себебі бұндай қызметтер Келісім аясындағы қызметтерге жатады. Алайда, қызметтер Ресейде көрсетілгендіктен көзіне салық алынбайды.

72. Резидент еместің тұрақты мекемесіне байланысты емес қазақстандық көзден келетін кірісі төлем көзінде мынадай ставкалар бойынша салық салуға жатады:

дивидендтер мен проценттер (сыйақы)	15 пайыз
тәуекелдерді сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру төлемдері	5 пайыз
халықаралық байланыстағы немесе Қазақстан Республикасы мен басқа да мемлекеттер арасындағы тасымалдардағы қызметтер	5 пайыз
роялти, басқару бойынша қызметтерді, консультациялық қызметтерді қоса алғанда, қызметтер көрсетуден түсетін кірістер, жалдау бойынша кірістер және басқа да кірістер (еңбекақы түрінде алынатын кірістерден басқа)	20 пайыз

73. Төлем кезіне салық Республика бюджетінің тиісті есепшотына төлем жүргізілген айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей енгізіледі.

74. Осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарының шарттарын ескере отырып, Мердігер тоқсан сайын Салық инспекциясына төлем көзінен ұсталған салық сомалары туралы анықтама береді. Мұндай анықтама есептік кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей табыс етіледі.

**24(а)-тарау. Дивидендтерге немесе таза пайдаға салынатын салықтар**

75. Әрбір Мердігер компания мынадай талаптардың біріне бағынады:

1) Қазақстан Республикасында заңды тұлғаларға төленетін дивидендтерге қолданылатын Салық кодексінің 31-бабына сәйкес төлем кезіне дивидендтерге

арналған салықты ең жоғары он бес процент (15%) ставка бойынша ұстау. Салық ұстау дивидендтерді төлеу сәтінде жүзеге асырылады.

2) шетелдік заңды тұлға тұрақты мекемесінің таза кірісіне Салық, кодексінің 37-бабына сәйкес осындай таза кірістің ең жоғары он бес процент (15%) ставка бойынша салық салу. Бұл салық есептік жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей төленуі тиіс.

*16-мысал.*

Үш Мердігер компания: А, В және С-ның кен орнына арналған лицензияға тиісінше 50%, 25%, 25% үлестік қатысуы бар. А, В және С компаниялары сауда операцияларын өз агенттері арқылы дербес жүргізілері келеді. Соған байланысты, кен орны бойынша өздерінің құқықтары негізінде әрбір Компания қазақстандық заңды тұлға болып табылатын және Дистрибуция жөніндегі і акционерлік компания (ДАК) деп аталатын өзінің жеке аффилиирленген компаниясын құрады. ДАК осы Компанияларға арналған өнімді дистрибуциялау, жөніндегі агенттер ретінде іс-қимыл жасайтын болады. В және С компаниялары тиісінше Америка Құрама Штаттарында және Ұлыбританияда құрылған. Осы екі ел Қазақстанмен қосарлы салық салуды болдырмау жөніндегі шарттарды жасасты, яғни В және С компанияларына, сондай-ақ олардың жеке; агенттеріне (ДАК) осы шарттардың ережелері таралады.

В және С компаниялары өздерінің дистрибуциялау жөніндегі агенттері (ДАК) арқылы 1998 жыл ішінде әрқайсысы 50 000 000 АҚШ доллары сомасына көмірсутек сатады. Әрбір компанияның аударымдары 10 000 000 АҚШ долларын құрайды. Қосымша, екі Мердігер Компания да өздерінің жеке агенттеріне 25 000 АҚШ доллары мөлшерінде сыйақы төлейді. В және С компаниялары сондай-ақ өздерінің бас компанияларына әрқайсысы 15 000 000 АҚШ доллары мөлшерінде дивидендтер төлейді. ДАК В және С компанияларына (әрқайсысына) сол жылы 10 000 АҚШ доллары мөлшерінде жалпы дивидендтер төлейді.

А мердігер компаниясы қазіргі уақытта Қазақстанмен қосарлы салық салуды болдырмау туралы шарты жоқ елде құрылған. А компаниясы өзінің дистрибуциялау жөніндегі агенті (ДАК) арқылы 1998 жыл ішінде 100 000 000 АҚШ доллары сомасына өнім сатып, 20 000 000 АҚШ доллары мөлшерінде аударымдар жүргізеді. А компаниясы өзінің бас компаниясына 30 000 000 АҚШ доллары мөлшерінде дивидендтер төлейді.

А компаниясы үшін мынадай салық міндеттемелері келтірілген:

АҚШ \$

Жылдық жиынтық табыс 100 000 000

Конвенция бойынша 500

Дивидендтерден ұсталатын салық дивидендтер төлеу кезінде төленеді.

**24(b)-тарау. Халықаралық Салықтық Келісімдерді қолдану**

76. Күмән туғызбау үшін осы 24(b) тараудың шарттары осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарының талаптарын ескере отырып қолданылады.

77. Халықаралық Салықтық Келісімдердің ережелерінен туындайтын неғұрлым төмен салықтық ставкалар болған кезде осындай ставкалар қолданылады.

78. Егер Келісімге сәйкес Халықаралық Салықтық Келісімдерге сай ставкаларды төмендетуге өтініш беру қажет болса, Мердігер мен Салық инспекциясы осы Нұсқаулықтың 79 және 81-тармақтарында көрсетілгендей осындай Халықаралық Салықтық Келісімдердің ережелерін қолдану тәртібін пайдаланады.

79. Егер Халықаралық Салықтық Келісімдерге сәйкес Операциялық және Мердігер компаниялар мен Қосалқы мердігерлер арасындағы операциялар Қазақстан Республикасында салық салу объектісі болып табылмаса немесе төлем көзі Салығының төмен ставкалары қолданылса, онда Операциялық және Мердігер компаниялар, сондай-ақ олардың Қосалқы мердігерлері, егер осы Нұсқаулықтың 80-тармағында өзгеше көзделмесе, осындай босату алу үшін қандай да бір әрекеттер жасауға міндетті емес.

80. Халықаралық Салықтық Келісімдер кіріс алушы оның резиденттігін растайтын, осындай Халықаралық Салықтық Келісімнің шарттары бойынша кіріс алушы резидент болып табылатын елдің салық органдары берген сертификат ұсынған жағдайда қолданылады.

81. Айыппұл және уақытылы төлемегені үшін өсімақы төлеу бойынша міндеттемелер туындаған жағдайда, мұндай айыппұл мен өсімақы алушы резиденті болып табылатын елмен жасалған Халықаралық Салықтық Келісімдердің ережелеріне сәйкес төленуге жататын нақты салық сомасы негізінде есептелуі тиіс.

## **5-бөлім. Қосылған Құн Салығы**

### **25-тарау. ҚҚС**

82. Электр энергиясын өндіру және Ақсай қаласына және жақын жатқан елді мекендерге оны сату Келісімнің 7.1-бөліміне және "II Кезең бойынша Мердігердің Міндеттемелері" деген анықтамаға сәйкес ҚҚС есептеу мақсатында салық салынатын айналым ретінде қаралмайды.

### **26-тарау. ҚҚС ставкасы**

83. Мердігер ҚҚС-ты Салық кодексінің III бөліміне сәйкес төлейді. ҚҚС ставкасы Келісімнің барлық мерзімінде жиырма проценттен (20%) аспауы тиіс.

84. Республикада тіркелген ҚҚС төлеушілер болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағында Мердігерге қызметтер көрсететін немесе тауарлар жеткізетін Қосалқы мердігерлер қызметтер мен тауарлардың құнына ҚҚС-ты Салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және ставкалар бойынша қосады.

## 27-тарау. Импортқа салынатын ҚҚС

85. Күмән туғызбау үшін осы 27-тараудың шарттары осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарының талаптарын ескере отырып қолданылады.

86. Келісімнің бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Мердігер мен оның Қосалқы мердігерлері ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 12 маусымдағы № 959 қаулысымен және Бас салық инспекциясының 12-12-01-8/3212 және Кеден комитетінің № 034-67/477 хаттарымен бекітілген, осы тізбені кеңейтетін мынадай өзгерістер ескерілген, тізілімі қамтылған осы Нұсқаулықтың № 5 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар импортына ҚҚС-ты (бюджетке ҚҚС-ты іс жүзінде төлемей) есепке жатқызуға құқылы.

87. Егер әкелінетін тауарлар осы тараудың 86-тармағына сәйкес тізілімге енгізілген болса, Оператор және оның Қосалқы мердігерлері тауарды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелген сәттегі Бюджетке импортқа ҚҚС-ты, бюджетке ҚҚС-ты іс жүзінде төлемей, тиісті есепке жатқызу жүргізеді.

### 17-мысал.

Екі Мердігер компания тең үлесте Мұнайгаз кен орнына лицензия алады. Олар Қазақстанда филиалы бар, өнімді импорттау мақсатында Оператор шығындары бойынша (КОШ) жұмыс істейтін итальяндық компания құрады. 1998 жылғы желтоқсанда құнына ҚҚС есептелетін мынадай жабдықтар әкелінді:

	\$ АҚШ
Құбырлар (есепке жатқызу әдісімен ҚҚС-дан босатылды)	7 000 000
Тағам өнімдері мен сусындары	10 000
Бұрғылау жабдығы (есепке алу әдісімен ҚҚС-дан босатылды)	130 000
"Land Rover" автомобилі	12 000
1993 жылғы желтоқсанда бюджетке төленуі тиіс ҚҚС:	
Тағам өнімдері мен сусындары (20% x 10 000)	2 000
"Land Rover" автомобилі (20% x 12 000)	2 400
Барлығы	4 400

ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 12 маусымдағы № 959 қаулысымен және Бас салық инспекциясының 12-12-01-8/3212 және Кеден комитетінің № 034-67/477 хаттарымен бекітілген тізілімге сәйкес құбырлар мен бұрғылау жабдығына бюджетке ҚҚС-ты іс жүзінде төлемей есепке жатқызу тәртібі қолданылады.

88. Импортталатын тауарлар бойынша ҚҚС сомасы Республика бюджетіне жарналарды айқындаған кезде есепке жатқызылатын сома болып табылады.

## 28-тарау. Экспортқа салынатын ҚҚС

89. Мұнайгаз шикізатын экспортқа сату жөніндегі айналымға ҚҚС нөлдік ставка қолданылады. Күмән тудырмау үшін, Қазақстан Республикасы аумағынан Кеден одағына қатысушы елдердің аумағына жеткізілген тұрақсыз конденсатты сатуға ҚҚС нөлдік ставка мынадай құжаттардың негізінде қолданылады:

1) сату келісімшарты;

2) құбырлар жүйесі бойынша сатылған тұрақсыз конденсат санын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу актісі;

3) Қазақстан Республикасы аумағынан Кеден одағына қатысушы елдердің аумағына құбырлар жүйесі арқылы жөнелтілген тұрақсыз конденсатты қабылдау-тапсыру актісі.

## **29-тарау. Декларациялар ұсыну және ҚҚС төлеу**

90. Күмән тудырмау үшін, осы 29-тараудың ережелері осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарының ережелерін ескере отырып қолданылады.

91. Әрбір Мердігер компания ай сайын осы Нұсқаулықтың № 6 А қосымшасындағы нысан бойынша Декларация жасайды және оны Операторға жолдайды.

92. Әрбір Мердігер компанияның ҚҚС бойынша декларациясына Оператор және Операциялық компаниялар осындай Мердігер компанияға жатқызған, Мердігер компанияның атынан Оператор және Операциялық компаниялар жасаған операцияларға, сондай-ақ Келісімге сәйкес қызметі бойынша өз есебінен Мердігер компания жүргізген операцияларға қатысты кірістер мен шығыстар тараулары кіру керек.

93. Мердігер компаниялардың ҚҚС бойынша декларацияларын уәкілетті Операциялық компания Салық инспекциясына ұсынуы тиіс.

94. Мердігер компанияның декларациясымен бір мезгілде Оператор және/немесе Операциялық компаниялар Салық инспекциясына ҚҚС жөніндегі Жиынтық есепті ұсынады.

95. ҚҚС бойынша декларацияны ұсыну және ҚҚС-ны төлеу, есепті айдан кейінгі айдың 15-сінен кешіктірілмей жүргізіледі.

## **30-тарау. Республика бюджетіне жарнаны айқындаған кезде есепке жатқызылатын ҚҚС**

96. Нақты әкелінген тауарлар, соның ішінде нөлдік ставка айналымын қоса алғанда, салық салынатын айналым мақсатында пайдаланып жатқан немесе пайдаланатын негізгі құралдарды (ғимараттар мен жеңіл машиналарды қоспағанда), есепті кезең ішінде орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қосқанда, импортталатын тауарлар бойынша шығарылған салық шот-фактурасы бойынша төленетін салық сомасы есепке жатқызылатын қосымша құн салығының сомасы болып табылады.



97. Мердігер Салық заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес қосалқы мердігер шығарған шот-фактуралар бойынша алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтер үшін төленуі тиіс ҚҚС сомаларын есепке жатқызуға құқылы.

98. Келісім күшіне енген күнге дейін СПРД қолданған кезең ішінде есепке алуға жатқызылған ҚҚС сомалары. Осы Нұсқаулықтың 96-тармағының ережелері СПРД қолданылған кезең ішінде туындаған іс-қимылдарға да қолданылады.

99. Салық кодексінің 61-бабына сәйкес Мердігерде салық салынатын айналымдар мен қосымша құн салығын салудан босатылған айналымдар болған жағдайда, айналымның жалпы сомасындағы салық салынатын айналымның үлестік салмағы бойынша айқындалған құн ҚҚС бойынша есепке жатқызылады.

100. Егер тиелген тауарларға, орындалған жұмыстарға немесе көрсетілген қызметтерге төлем мөлшерінің бір бөлігі немесе барлығы күмәнді берешек болып табылса, Мердігер күмәнді берешектің туындауымен байланысты қосымша құнға салық ескерілген есепті кезең аяқталғаннан кейін екі жылдан соң бюджетке енгізілуі тиіс соманы азайтуға құқылы.

101. Есепке жатқызылмайтын ғимараттар және жеңіл автомобильдер бойынша төленуі тиіс ҚҚС Мердігердің негізгі құралдары құнына енгізіледі және амортизациялау сомалары арқылы шегеріледі.

102. Тіркелмеген резидент емес үшін ҚҚС сомасы есептеліп, бюджетке төленіп, кейіннен осы соманы есепке жатқызуы тиіс. Бұл тәртіп 2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі.

### **31-тарау. ҚҚС қайтару**

103. Күмән тудырмау үшін, осы 31 -тараудың ережелері осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарының ережелерін ескере отырып қолданылады.

104. Осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарында айтылған ережелерді ескере отырып, әрбір Мердігер компания есепке алынатын салық сомасы төменде келтірілген тәртіпте есепті кезең ішінде есептелген салық сомасынан асып кеткен жағдайда, ҚҚС-ны Республика бюджетінен қайтаруға құқылы:

1) осы Нұсқаулықтың 30-тарауына сәйкес әрбір Мердігер компания Салық инспекциясына ҚҚС бойынша жеке декларациясын және Оператор ұсынатын ҚҚС бойынша Жиынтық есепті ұсынады.

2) Республика бюджетіне ҚҚС төлеу бойынша және Республика бюджетінен ҚҚС қайтару жөніндегі Оператор қарым-қатынастары Жиынтық есеп негізінде жүргізіледі.

3) Егер бір немесе одан көп Мердігер компанияда Республика бюджетіне төленетін ҚҚС сомалары болса, ал басқа бір немесе одан көп Мердігер компанияда Республика бюджетінен қайтарылатын сомалары болса, онда осындай Мердігер компаниялар

осындай сомалар бойынша өзара есепке жатқызуды жүргізеді. Жүргізілген есепке алудың қорытынды сомалары Оператордың ҚҚС бойынша Жиынтық есебінде көрсетіледі.

4) Егер алдындағы есепті кезең ішінде есепке алуға жататын салық сомасының есептелген салық сомасынан артуы орын алған жағдайда, және егер Оператор ҚҚС өтеу мәселесімен Салық инспекциясына жүгінбесе, онда аталған артық сома есепті кезеңнен кейінгі кезеңде есепке алынады.

5) Әрбір Мердігер компанияға Республика бюджетінен ҚҚС қайтару басқа салықтарды, соның ішінде заңды тұлғалардан табыс салығы, шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемелерінің таза кірісіне салық, акциздер, табыс әкелетін Мұнайгаз шикізатындағы Республика үлесін және осы Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес басқа салықтар мен төлемдерді төлеу есебінен орындала алады.

б) ҚҚС қайтару мынадай тәртіптер мен мерзімдерде жүргізіледі:

(а) Оператор осы Нұсқаулықтың № 7 қосымшасына сәйкес нысанда Республика бюджетінен ҚҚС сомаларын өтеу жөніндегі арызды Салық инспекциясына ұсынады;

(b) Салық инспекциясы Операторлық арызында көрсетілген тиісті ҚҚС сомаларын он күннің ішінде қайтарады;

(c) егер Мердігерде Республика бюджетіне салықтар мен төлемдер аудару міндеттемесі болса, Мердігер салық түрлері мен сомалар бойынша есепке жатқызу басымдықтарын көрсете отырып, осындай салықтарды төлеу есебінен есепке жатқызу жүргізуге құқылы. Осыған байланысты Оператор осы Нұсқаулықтың № 8 қосымшасына сәйкес нысанда Салық инспекциясына арыз береді;

(d)отыз күннің ішінде Салық инспекциясы арызда көрсетілген салықтар мен төлемдер бойынша есепке жатқызу жүргізуге келісуі немесе келіспеуі туралы Операторды жазбаша хабардар етуі тиіс. Оператордың арызы бойынша есепке жатқызу келісім болып есептеледі.

## **6-бөлім. Акциздер**

### **32-тарау. Акциздер**

105. Мердігер 1997 жылғы 1 қазанда қолданылған тәртіпке, ставкалар бойынша және тізілімге сәйкес импортталатын және Қазақстан Республикасында шығарылған акцизделетін тауарларға акциз төлейтін болады. Мердігер және Салық инспекциясы 1997 жылғы 1 қазанда қолданылған редакцияда " Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" № 36 Нұсқаулықты басшылыққа алады.

106. Келісім бойынша Мердігердің қызметіне жатпайтын акцизделетін импорт тауарлары бойынша акциздер, алдындағы ережені ескере отырып, төлеу міндеттемесі туындаған сәтте қолданыста болған заңнамаға сәйкес төленеді.

107. Мердігер шикі мұнайға, конденсатқа немесе электр энергиясы өндірісіне акциз төлеуші болып табылмайды.

108. Акциздерді оларды төлеу бойынша міндеттемелер туындайтын Мердігер төлейді.

## **7-бөлім. Жергілікті салықтар**

### **33-тарау. Заңды тұлғаларды тіркеу үшін алым**

109. Мердігер Салық заңнамасына сәйкес заңды тұлғаларды тіркеу үшін алым төлейді. Алым, оны төлеу сәтінде 20 ең аз есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді. Ең аз есептік көрсеткіш немесе болашақта оның орнына қолданылатын ұғым есепті жылға Қазақстан Республикасының Бюджеттік заңнамасына сәйкес белгіленеді.

110. Заңды тұлғаларды тіркеу үшін алымды, оларда осы алымды төлеу бойынша міндеттемелер туындайтын Мердігерді құрайтын тұлғалар төлейді.

### **34-тарау. Қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алымдар**

111. Мердігер Салық заңнамасында көзделген қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алым төлейді. Алым, оны төлеу сәтінде 20 ең аз есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді. Ең аз есептік көрсеткіш немесе болашақта оның орнына қолданылатын ұғым есепті жылға Қазақстан Республикасының Бюджеттік заңнамасына сәйкес белгіленеді.

112. Алым Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулары бар "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2000 Жарлығына сәйкес лицензиялауға жататын қызметтің сол түрлері немесе белгілі бір іс-қимылдар бойынша ғана төленеді.

113. Егер лицензияның қолданылу мерзімі бір жылдан астам болса, онда алым осындай лицензияның қолданылу кезеңі бойы жыл сайын төленеді. Бұл жағдайда алым лицензия берілген күннен кейін он екі айлық кезең өткен соң төленеді.

114. Қызметтің лицензияланатын түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия алған тұлғалар қызметтің белгілі бір түрімен айналысу құқығы үшін алым төлеушілер болып табылады.

## **8-бөлім. Басқа да салықтар**

### **35-тарау. Кеден баждары**

115. Мердігер мен оның Қосалқы мердігерлері Қазақстан Республикасы Президентінің, 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша өзгерістері мен толықтырулары бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Заң күші бар № 2368 Жарлығына сәйкес және осы нұсқаулыққа № 9 қосымшада келтірілген тізбе бойынша кедендік баждар төлейді.

116. "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы 266-ХІІІ Заңына сәйкес 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша редакцияда, шетелдік инвесторлар болып табылатын компанияларға кедендік салық салу бөлігінде мына ережелер қолданылады:

1) шетелдік қатысуы бар кәсіпорынның жарғылық қорына шетелдік инвестордың салымы ретінде Қазақстан Республикасына әкелінетін жабдықтар мен олардың жиынтықтаушы қосалқы бөлшектері кеден бажын төлеуден босатылады.

2) Мердігер және оның Қосалқы мердігерлері шет елдік қызметкерлерінің жеке мүлкі кеден бажын төлеуден босатылады.

117. Импорттық және экспорттық операцияларды жүзеге асырған кезде Мердігер мен оның Қосалқы мердігерлері Келісімге сәйкес кедендік құннан 0,2% мөлшерінде кедендік ресімдеу үшін алым төлеуді жүргізеді.

118. Атырау арқылы құбыр көлігімен экспорттаған жағдайда осы Нұсқаулықтың 116-тармағында көрсетілген 0,2% мөлшеріндегі ставка Батыс Қазақстан облысында кедендік тазалаудан өткен Мұнайгаз шикізатына қолданылады.

119. Кеден баждары бойынша әкімшілік ережелер

1) Қазақстан Республикасының аумағында тауар импортын кедендік ресімдеу мақсатында Кеден органдарына мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

(а) ол бойынша Қазақстан Республикасының резиденті импорттайтын келісімшарт. Егер келісімшартқа қол қойылмаса, келісімшарт жасасу туралы ниет-хат жеткілікті болады. Осындай Келісімшарт тауарларды Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы импорттаса ұсынылмайды;

(б) импортталатын тауарлар бойынша, оның ішінде осындай тауардың құнын, оның атауын, санын және салмағын көрсетіп шот-фактуралар;

(с) тауарлардың Қазақстанға тасымалданатынын растайтын құжаттар;

(д) егер жоғарыда көрсетілген құжаттар бойынша анықтау мүмкін болмаса тауардың шығуы жайлы сертификаты;

(е) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау агенттігінің Стандарттау, метрология, сертификаттау комитеті берген сәйкестік сертификаты (егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында импортталатын тауарларға қатысты көзделсе);

(ф) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лицензиясы және рұқсаты (егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында импортталатын тауарларға қатысты көзделсе);

(г) егер тауарды Қазақстан Республикасының резиденті сатып алу-сату келісімшарттары бойынша импорттаған жағдайда мәміле паспорты. Егер тауарларды Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы импорттаса, мәміле паспортын ұсыну талап етілмейді;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 маусымдағы Жарлығына сәйкес Кеден органдары кеден

декларациясын, құжаттарды және тауарларды тексеруді жүзеге асырады. Тауарлардың импорты мен экспортын жылдам кедендік ресімдеу мақсаттары және жобаны іске асыруда негізсіз кедергілердің алдын алу үшін бұл тексеріс кедендік декларацияны қабылдаған және кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер ұсынылған күннен бастап 3 күннен аспауы, жедел жеткізуге қатысты бір тәуліктен кешіктірілмеуі тиіс;

3) жедел жеткізу, ол жөнінде Мердігер кедендік органдарды жазбаша хабардар еткен жеткізуді білдіреді;

4) кедендік төлемдері мен салықтар бойынша жеңілдіктер берілген тауарлар осындай жеңілдіктер берілген мақсаттарға сәйкес пайдаланылуы тиіс. Кеден органдары көрсетілген тауарларды басқа мақсаттарда пайдалануға, кедендік төлемдер мен салықтарды төлеген және заңнамада осы жағдайларға көзделген басқа да талаптар орындалған жағдайда рұқсат етуі мүмкін;

5) Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының негізгі ережесіне сәйкес көп компонентті бұйымдар (әр түрлі құрама бөліктерден тұратын) оларға негізгі сипат беретін материалдар немесе құрама бөліктер бойынша жіктеледі;

6) СЭҚ Тауар номенклатурасына сәйкес әртүрлі жіктеу кодтарына тиесілі және Қазақстан Республикасының кедендік аумағында импортталатын тауарлар, кеден баждарын салу мақсатында егер осындай тауарлар жеке әкелінген ретінде қаралады.

#### *18-мысал.*

Қазақстанда филиалы бар, Голландияда құрылған А операциялық компаниясы бір Мұнай-газ кен орнынан шығарылған өнімді барлық Мердігер компаниялар атынан импорттайды. А операциялық компаниясы Қазақстан Республикасынан тысқары жиналған мынадай жабдықты импорттайды.

Сипаттамасы	СЭҚ ТН коды	Тасымалдауды қоса алғандағы құны, АҚШ долл.	Кедендік баж ставка	Кедендік баж шамасы
Салқындай тартылған құбырлар, тот баспайтын болат	7306, 40910	1000	0%	0.
Бақылау-өлшеу аспаптары	9026.	300.	10%	30.
Компрессорлар (мех.насосстар)	840 000 000	500.	0%	0.
Барлығы	•	•	•	30

Сонымен, бүкіл келісімшарт бойынша төлеуге жататын кедендік баж сомасы 30 000 АҚШ долларын құрайды.

120. "Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелу" режимінде тауарларды кедендік ресімдеу ерекшеліктері:

1) Мердігер мен Қосалқы мердігер "Уақытша әкелу" режимінде әкелетін тауар Кедендік жүк декларациясын толтыру нұсқаулығына сәйкес Кеден органында декларациялауға жатады. Бұл ретте кедендік декларация декларанттың Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген тауарды кері шығару туралы немесе Қазақстан Республикасынан уақытша шығарылған тауарды кері әкелу туралы міндеттемесі болып табылады;

2) тауарды уақытша әкелу және уақытша әкету мерзімдерін Кеден органдары белгілейді, бірақ олар уақытша әкелу режимі ұзартылған жағдайларды есептемегенде екі жылдан аспауы тиіс;

3) табиғи тозу салдарынан болған өзгерістерден басқа тауарлар өзгеріссіз күйде кері шығарылуға тиісті;

4) шекті мерзімдер аяқталғанға дейін уақытша әкелінген тауарлар өзге кедендік режимде (экспорт режимі, еркін айналымға шығару режимі және т.б.) мәлімденуі не уақытша сақтау қоймасына орналастырылуы тиіс. Тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына уақытша әкелуге рұқсат берген кеден органы іс жүзінде шығарылуын бақылайды;

5) уақытша енгізудің кедендік режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткен тауарларды уақытша әкелу мерзімдеріне ұзарту туралы импорттаушының негізделген мәлімдемесі алынған кезде Кеден органдары уақытша әкелу мерзімін ұзартады;

6) осы мақсаттарда тауарды уақытша әкелген импорттаушы тауарларды уақытша әкелудің (әкетудің) шекті мерзімдері аяқталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей Кеден органдарына мерзімдерді ұзарту туралы еркін нысанда өтініш беруі тиіс;

7) Қазақстан Республикасының аумағына уақытша әкелінетін тауарлар кедендік баждар мен салықтардан экономикалық шаралар қолданбай, толық немесе ішінара босатуға жатады. Осындай босату жағдайлары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

### **36-тарау. Су ақысын төлеу**

#### **(Су ресурстарын пайдалану үшін төлемдер)**

121. Күмәнді болдырмау мақсатында осы 36 тараудың ережелері осы нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарының ережелерін ескере отырып қолданылады.

122. Мердігер су шаруашылығы жүйелерінен немесе жерасты көздерінен алынатын суға 1997 жылғы 1 қазанда қолданыста болған ставка (тариф) бойынша ақы төлейді. Шахталар мен карьерлерден іліспе өндірілген және қайта пайдаланылған су үшін ақы төленбейді.

123. Су ақысын бюджетке төлеу ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20 күнінен кешіктірмей, іс жүзінде пайдаланылған су үшін жүргізіледі.

124. Су ақысын суға ақы төлеу жөнінде міндеттемелері туындайтын, Мердігерді құрайтын тұлғалар төлейді.

### **37-тарау. Жерді жалға алу ақысы**

125. Жерді жалға алу төлемдерін Мердігер жергілікті билік органы белгілеген мөлшерде төлейді, осындай мөлшер Келісімге қол қойылған күні Республиканың салық заңнамасына сәйкес Орал қаласындағы жер үшін есептелетін жер салығы мөлшерінен артық болмауы шарт.

126. Жерді жалға алу төлемдерін меншігінде немесе пайдалануында жер учаскелері бар, Мердігерді құрайтын тұлғалар төлейді.

### **9-бөлім. Қорларға төленетін төлемдер**

#### **38-тарау. Табиғатты қорғау қорларына төлемдер**

127. Мердігер Келісімнің XVII бабына сәйкес Қоршаған ортаны қорғау қорына төлемдер (Табиғатты қорғау төлемдері) төлейді.

#### **39-тарау. Мемлекеттік еңбекпен қамтуға жәрдемдесу қорына сақтандыру жарналары**

128. Салық заңнамасына сәйкес Мердігер Мемлекеттік еңбекпен қамтуға жәрдемдесу қорына қазақстандық қызметкерлер бойынша, жалақы төлеу жүргізілген әрбір қызметкер үшін жалақы қорының екі проценті (2%) мөлшерінде сақтандыру жарнасын төлейді.

#### **40-тарау. Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығына міндетті зейнетақы жарналары, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына және Міндетті медициналық сақтандыру қорына сақтандыру жарналары (Зейнетақы қорына міндетті жарналар, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Міндетті медициналық сақтандыру қорына жарналар)**

129. Салық заңнамасына сәйкес Мердігер қазақстандық қызметкерлер бойынша зейнетақы қорына міндетті жарналарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына және Міндетті медициналық сақтандыру қорына Келісім күшіне енген күннен бастап жалақы төлеу жүргізілген әрбір қызметкер үшін жалақы қорынан жиырма тоғыз бүтін оннан бес процент (29,5%) мөлшерінде міндетті жарна төлейді.

130. 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы қорына міндетті жарналар төлеу " Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136-1 ҚРЗ Заңына және Салық заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## 41-тарау. Жол қоры

131. Мердігер Компаниялар Қазақстан Республикасы Президентінің "Жол қоры туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2701 Заң күші бар Жарлығының 1997 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша редакциясына сәйкес және осы Нұсқаулыққа № 10 қосымшаға сәйкес Жол қорына төлемдер төлейді.

132. Келісім күшіне енген күннен бастап ставка ҚҚС бойынша Декларацияда көрсетілген сату нәтижесінде әрбір Мердігер компания алған кіріс бойынша айналымнан жарты (0,5) процентті құрайды. Жол қорына төлемдер есептеу мақсаттары үшін Мердігердің кірісі Қазақстан Республикасының үлесін қамтымайтын болады.

## 42-тарау. Әлеуметтік жобалар бойынша ҚҚС

133. Келісім қызметінің басынан бастап әлеуметтік жобаларды қаржыландыру жөніндегі сома ҚҚС қамтиды. Осы ереже Келісім күшіне енген күннен бастап қолданылады.

Осы Нұсқаулыққа  
№ 1 қосымша

### **Амортизациялауға жататын активтер амортизациялаудың мынадай шекті нормаларымен топтар бойынша бөлінеді:**

Топ нөмірі	Мүлік атауы	Амортизациялаудың шектік нормасы, %
1	2	3
1.	Құбырлар; мұнай және газ құбырлары; пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу үшін пайдаланылатын жабдықтар, машиналар және механизмдер; компьютерлер, деректерді өңдеу бойынша периферийлік құрылғылар және жабдық	25
2.	Жолдарда пайдалануға арналған автотракторлық техника, арнайы құралдар, мүкәммал және керек-жарақтар	20
3.	Жеңіл автомобильдер, такси Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы: Жүк автомобильдері, автобустар, арнайы автомобильдер және автотіркемелер Машиналар және жабдық: Өнеркәсіптің барлық салалары, құю өндірісі үшін; ұста-престеу жабдығы;	15



	электрондық жабдық; құрылыс жабдығы; ауыл шаруашылық машиналары мен жабдық. Кеңсеге арналған жиһаз	
4.	Басқа топтарға қосылмаған амортизацияланатын активтер	10
5.	Теміржол, теңіз және өзен көлік құралдары Күш машиналары және жабдық; жылу техникалық жабдық турбиндік жабдық электр қозғалтқыштар және дизель-генераторлар. Электр беру және байланыс құрылғылары	8
6.	Ғимараттар, құрылыстар	7

Салық төлеуші өз қалауы бойынша кез келген қаржы жылында амортизациялаудың бірақ шектіден жоғары емес өзге нормаларын қолдануға құқылы

Осы Нұсқаулыққа  
№ 2 қосымша

Мердігерлік компанияның атауы СТН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Банк \_\_\_\_\_

Мекен-жайы Банк шоты \_\_\_\_\_

Аудан

Қала/облыс

Декларация  жезекті  бастапқы  тарату  
Есепке алу әдісі  есептеу  [41-бап] ұзақмерзімді келісімшарттар

**Жинақталған жылдық кіріс және "Қарашығанақ Мұнай-газ-конденсатты кен орны мердігерлік учаскесінің Өнімін Бөлу туралы Түпкілікті Келісім" шарттарына сәйкес**

**\_\_\_\_\_ Мердігерлік компаниясының 199\_\_ бойынша**

**жүргізілген шегерулер туралы**

**ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

р/с	Көрсеткіштер	Код	Мердігерлік компанияның деректері бойынша	С а л ы қ инспекциясының деректері бойынша
	Жинақталған жылдық кіріс			

1.	Көмірсутегілерін сатудан кіріс	1.		
2.	Келісім бойынша қызметке сәйкес алынған өзге де кірістер	2.		
3.	Құқықтардан шегінуден кіріс	3.		
4.	Жинақталған жылдық кіріс, 1-3 жолдары бойынша сома	4.		
5.	Жинақталған жылдық кірісті түзету Келісім бойынша қызметке сәйкес алынған он бағам айырмасы; 2) Салық кодексі мен Келісімге сәйкес өзге түзетулер	5.		
6.	Түзетуден кейінгі жинақталған жылдық кіріс (4б. - 5б.)	6.		
	Шегерімдер			
7.	Тікелей өндірістік шығыстар	7.		
8.	Өзге өндірістік шығыстар	8.		
9.	Алынған кредиттер (несиелер) үшін алынған пайыздар (сыйақы)	9.		
10.	Күмәнді талаптар	10.		
11.	Геологиялық ізденістер, барлау мен бонустарға шығыстар	11.		
	Негізгі құралдар бойынша амортизациялық аударымдар мен шегерімдер: а) негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;			

12.	<p>б) Нұсқаулықтың 19-тарауы 47-тармағының 9-тармақшасына сәйкес амортизациялық аударымдар;</p> <p>в) 100 айлық есептік көрсеткіштен аз топтық құндық балансының шамасы</p> <p>г) топтық барлық негізгі құралдары шығарылған кездегі топтық құндық балансының шамасы</p>	12.		
13.	Материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары	13.		
14.	Жөндеу, тексеру және мерзімді техникалық қызмет көрсетуге арналған шығыстар	14.		
15.	Нұсқаулықтың 19-тарауы 47-тармағының 12-тармақшасына сәйкес шығыстар	15.		
16.	<p>Салықтар, айыппұл және өтемақы шығыстары:</p> <p>Нұсқаулықтың 19-тарауы 47-тармағының 15-тармақшасына сәйкес төленген салықтар мен төлемдер</p> <p>б) бюджетке енгізуге жататындарды қоспағандағы айыптар, соның ішінде айыппұлдар мен өсімақылар</p>	16.		
17.	Шегерімдер - барлығы, 7-16 жолдар сомасы	17.		

18.	Салық салынатын кіріс (6 ж.- 17 ж.)	18.		
19.	Нұсқаулықтық 20-шы-тарауына сәйкес келтірілген шығындар	19.		
20.	Салық кодексінің 34-бабына сәйкес салық салудан босатылған кірістер	20.		
21.	Келтірілген шығындар мен ұсынылған жеңілдіктерді ескерумен салық салынатын кіріс (18-19-20 жолдар)	21.		
22.	Барлық есептелген салық	22.		
23.	Барлық жүргізілген аванстық төлемдер мен есепке алу	23.		
24.	Артық төленген сома (23ж.- 22ж.)	24.		
25.	Барлық төлеуге жататын салық (22ж.-23ж.)	25.		
26.	Айыппұл санкциялары	26.		
27.	Барлық салықтар мен айыппұл санкциялары	27.		
28.	Алдағы төлемдер есебінен артық төлеу сомасы	28.		
29.	Қайтаруға жататын артық төлем сомасы	29.		

Заң алдындағы жауапкершілік Салық қызметі органы

Мердігерлік компания осы декларацияда көрсетілген деректердің ақиқаттығына және толықтығына Заң алдында жауапкершілік көтереді

Уәкілетті тұлға \_\_\_\_\_ Салық қызметі органының бастығы

\_\_\_\_\_ (қолы) (қолы)

Күні 199 \_\_\_\_\_ Заңды тұлғалардың кірісіне салық салу бөлімінің бастығы \_\_\_\_\_

(қолы)

Декларация жасау жөнінде қызмет көрсеткен аудитор \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., СТН) (қолы)

Осы Нұсқаулыққа  
№ 3 қосымша

**Мердігердің жинақталған жылдық кірісі және "Қарашығанақ мұнай-газ-конденсатты кен орны мердігерлік учаскесінің Өнімін Бөлу туралы Түпкілікті Келісім" шарттарына сәйкес 199\_\_ бойынша жүргізілген шегерулер туралы ЖИЫНТЫҚ ЕСЕБІ**

Есеп . . . . . кезекті . . . . . алғашқы  
Есепке алу әдісі . . . . . есептеу . . . . .

Операциялық құрылым атауы:	•	•
•	Мекен-жайы	•
•	Ауданы	•
•	Қала/облыс	•

р/с №	Көрсеткіштер	Коды	Мердігерлік Компаниялар бойынша барлығы	Аджив Қарашығанақ Б.В.	Биджи Экспл орейшн энд Прода кшн Лимит ед	Тексако Интернэшн л Петролеум Компани	"ЛУКойл мұнай 1 компаниясы " 1 ашық 1 үлгідегі АҚ
	Жылдық жиынтық кіріс	•	•	•	•	•	•
1.	Көмірсутегілерін сатудан кіріс	1.					
2.	Келісім бойынша қызметке сәйкес алынған өзге де кірістер	2.					
3.	Құқықтардан шегінуден кіріс	3.					
	Жинақталған жылдық кіріс, 1-3						

4.	жолдары бойынша сома	4.					
5.	Жинақталған жылдық кірісті түзету 1) Келісім бойынша қызметке сәйкес алынған оң бағам айырмасы; 2) Салық кодексі мен Келісімге сәйкес өзге түзетулер	5.					
6.	Түзетуден кейінгі жинақталған жылдық кіріс (4 жол - 5 жол)	6.					
7.	Тікелей өндірістік шығыстар	7.					
8.	Өзге өндірістік шығыстар	8.					
9.	Алынған кредиттер (несиелер) үшін пайыздар (сыйақы)	9.					
10.	Күмәнді талаптар	10.					
11.	Геологиялық ізденістер, барлау және бонустарға арналған шығыстар	11.					
	Негізгі құралдар бойынша амортизациялық						

12.	<p>аударымдар мен шегерімдер:</p> <p>а) негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;</p> <p>б) Нұсқаулықтың 19-тарауының 47-тармағы 9 - тармақшасына сәйкес амортизациялық аударымдар;</p> <p>в) 100 айлық есептік көрсеткіштен аз топтың құндық балансының шамасы;</p> <p>г) топтың барлық негізгі құралдары шығарылған кездегі топтың құндық балансының шамасы.</p>	12.					
13.	<p>Материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары</p>	13.					
14.	<p>Жөндеуге, тексеруге және мерзімдік техникалық</p>	•	•	•	•	•	

	қызмет көрсетуге арналған шығыстар						
15.	Нұсқаулықтың 19-тарауы 47-тармағының 1 2 - тармақшасына сәйкес шығыстар	15.					
16.	Салықтар, айыппұлдар және өтемақы шығыстары: а ) Нұсқаулықтың 19-тарауы 4 7 - тармағының 1 5 - тармақшасына сәйкес төленген салықтар мен төлемдер б) бюджетке енгізуге жататындарды қоспағандағы айыптар, соның ішінде айыппұлдар мен өсімақылар. • •	16.					
17.	Шегерулер - барлығы, 7-ден 16-ға дейінгі жолдардың қосындысы	17.					
18.	Салық салынатын	18.					



	кіріс (6 жол -17 жол)						
19.	Нұсқаулықтың 20-шы-тарауына сәйкес келтірілген шығындар	19.					
20.	Салық кодексінің 34-бабына сәйкес салық салудан босатылған кіріс	20.					
21.	Келтірілген шығындар мен ұсынылған жеңілдіктерді ескеріп салық салынатын кіріс (18-19-20 жолдар)	21.					
22.	Барлық есептелген салық	22.					
23.	Барлық жүргізілген аванстық төлемдер мен есепке алу	23.					
24.	Артық төлеу сомасы (23 жол-22 жол)	24.					
25.	Барлық төлеуге жататын салық (22 - 23 жол)	25.					
26.	Айыппұл санкциялары	26.					
27.	Барлық салықтар мен айыппұл	27.					

	санкциялар ы						
28.	Алдағы төлемдер есебінен артық төлеу сомасы	28.					
29.	Қайтаруға жататын артық төлем сомасы	29.					

Есеп ақпараттық мақсаттар Салық қызметі органы

үшін ғана ұсынылады

Уәкілетті тұлға \_\_\_\_\_ Салық қызметі органының бастығы

(қолы) \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_ 199\_\_\_\_ (қолы)

Заңды тұлғалардың кірісіне

салық салу бөлімінің бастығы

\_\_\_\_\_

(қолы)

Декларация жасау жөнінде

қызмет көрсеткен аудитор \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә..СТН) (қолы)

Осы Нұсқаулыққа

№ 4 қосымшаг СТН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(аудан, қала)

\_\_\_\_\_ бойынша салық инспекциясы

(заңды тұлғаның толық атауы) Ұсыну мерзімі \_\_\_\_\_

Нақты ұсынылды \_\_\_\_\_

**Тұрақты құрумен байланысты емес қазақстандық көзден резиденттер еместерге төлем көздерінен салық сомасын ұстау туралы**

**АНЫҚТАМА**

р/с №	Төлем түрі	Төлем сомасы	Салық ставка	Салық сомасы
1)	Дивидендтер мен проценттер		15%	
2)	Тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру,		5%	

	шарттар бойынша төленетін салық төлемдері			
3)	Халықаралық байланыстағы немесе Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасындағы тасымалдардағы телекоммуникациялық немесе көліктік қызметтер		5%	
4)	Басқару жөніндегі қызметтерді, консультациялық қызметтерді, жалға алу және басқа да (29-бапқа сәйкес салық салынатын еңбекке ақы төлеу түрінде жүргізілетін төлемдерден басқа) қызметтерді қоса алғандағы қызметтерден роялти бойынша түсетін кіріс		20%	

Салық төлем жүргізілген ай аяқталғаннан кейін 5 күн ішінде бюджетке аударылады. Уәкілетті тұлға Салық инспекциясы атынан

\_\_\_\_\_  
(қолы) (қолы)

Осы Нұсқаулыққа  
№ 5 қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі  
№ 558 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1997 жылғы 12 маусымдағы № 959 қаулысына  
СІЛТЕМЕ**

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ТМД Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауарлық номенклатурасы туралы үкіметаралық Келісімдерін жүзеге асыру және тауарлардың кодтары мен сипаттамаларын оның жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қосылған құнға салығы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің келісімімен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен

төленетін ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің және тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 сәуірдегі № 558 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қосылған құнға салық осы қаулымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің келісімімен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін, ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын импортталатын жабдықтардың, шикізаттың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектер мен тауарлардың тізбесі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда берілсін.

2. Осы қаулы 1997 жылдың 15 маусымынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 12 маусымдағы  
№ 959 қаулысына  
қосымша

**Қосылған құнға салынатын салығы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің келісімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен төленетін , ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын импортталған жабдықтардың, шикізаттардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің, дәрі-дәрмектердің және тауарлардың**  
**ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Атауы	ТН СЭҚ коды
1	2	3
1.	Құрғақ сүт (оның ішінде майы алынған); құрғақ кілегей (оның ішінде майы алынған)*	0402 10-нан
2.	Тұқымдық картоп	0701 10 000-нан
3.	Тұқымдық қатты бидай	1001 10 100-ден
4.	Тұқымдық жұмсақ бидай	100190 910-нан
5.	Тұқымдық арпа, сыра қайнатуда қолданылатын тұқымдық арпа, сыра қайнатуда қолданылатын арпа*	1003 00-ден
6.	Тұқымдық сұлы*	1004 00 000-ден
7.	Тұқымдық жүгері	1005 10
8.	Тұқымдық қауызы аршылмаған күріш (ақталмаған күріш)*	1006 10 100-ден

9.	Егуге арналған будандар	1007 00 100
10.	Қант қызылшасының тұқымы	120911000
11.	Пияз, асханалық қызылша, кырыққабат, сәбіз, қызанақ, түрлі-түсті кырыққабат тұқымы*	1209 91-ден
12.	Кольраби тұқымы	1209 91 100
13.	Баклажан, шомыр, қияр, шалғам, бұрыш, аз таралған дақылдар тұқымы*	1209 91900-ден
14.	Құлмақ дәні, жас немесе кептірілген, ұсақталған немесе таблетка түрінде, ұнтақ түрінде немесе лупулин	1210 (1210 20 900 басқа)
15.	Пектинді заттар, пектинаттар мен пектаттар	13 02 20
16.	Агар - агар	1302 31000
17.	Хош иісті немесе бояғыш қоспалары жоқ шикі құрғақ қанты	1701 11
18.	Глюкозалы-жемісті қоспалар*	1702-ден
19.	Крахмалды сірне*	1703-ген
20.	Какао-бұршақтар, тұтас немесе ұсақталған, шикі немесе қуырылған	1801 00 000

21.	Какао-май алмастырғыштар (шоклин, аккомель және т.б.)*	21-ден
22.	Өзге де сығындылар, эссенциялар мен концентранттар	2101 11 190
23.	Бөлшек сауда үшін өлшеп оралғаннан басқа құстардың жемін толықтыруға арналған өнім*	2309 90-нан
24.	Бөлшек сауда үшін өлшеп оралғаннан басқа темекі шикізаты*	2401 10-нан, 2401 20-дан
25.	Титан тотығын бөліп алуға жарамды қож	2619 00 930
26.	РЛ 68 титан тотығы*	2823 00 000-ден
27.	Медициналық мақсатқа арналған радиоактивті сәуле шығару көздері*	2844 40-тан
28.	Пропиленгликоль*	2905 32 000-ден
29.	Бензоат натрий консерванты*	291631 000-ден
30.	Сүт қышқылы* Лимон қышқылы*	291811000 2918 14 000-ден
31.	2,4 Д техникалық өнімі*	2918 90 000-ден
32.	Диметиламин*	2921 11 100-ден

33.	Циперметрин, бромоксинил окганат эфир *	2926 90-нан
34.	Азот гетероатомынан ( атомдарынан) тұратын гетероциклдық қоспалар; нуклеин қышқылдары және олардың тұздары	2933-тен 2934-тен
35.	Провитаминдер және витаминдер, табиғи және синтезделген ( олардың табиғи концентраттарын қоса алғанда), олардың негізінен витамин ретінде пайдаланылатын туындылары, және осы қоспалардың құрамасы, соның ішінде кез келген еріткіште	2936
36.	Табиғи немесе синтезделген гормондар; олардың негізінен гормон ретінде пайдаланылатын туындылары; негізінен гормон ретінде пайдаланылатын өзге де стероидтер	2937
37.	Гликозидтер, табиғи немесе синтезделген, олардың туынды тұздары, қарапайым және күрделі эфирлері және өзге де туындылары	2938
38.	Өсімдіктен жасалған алкалоидтер, табиғи немесе синтезделген, олардың тұздары, қарапайым және күрделі эфирлер*	2939-дан
39.	Антибиотиктер	2941
40.	Органотерапевтік қолдануға арналған кептірілген, ұсатылған немесе ұнтақтан ұсатылмаған бездер және басқа органдар, органикалық терапияға арналған бездердің және олардың секреттерінің өзге органдарының сірінділері, гепарин және оның тұздары; адам немесе жануар тектестердің басқа жерлерде аттары аталмаған, терапевтік немесе профилактикалық мақсаттарға арналған өзге де заттары	3001

	Адамның қаны, терапевтік, профилактикалық және диагностикалық мақсаттарға пайдалану үшін дайындалған жануарлар қаны; адамдар мен	
--	--	--

41.	жануарлардың қанынан алынған иммундық сарысулар (қарсысарысулар); өзге қан фракциялары; жетілдірілген иммундық өнімдер, биотехнологиялық жолмен алынғанын қоса вакциналар токсиндер, микроорганизмдер дақылдары (ашытқылардан басқасы) және соған ұқсас өнімдер	3002
42.	Терапиялық және алдын-алу мақсаттарында пайдалануға арналған, бірақ өлшемді дәрі нысанында немесе бөлшек сауда үшін өлшеп оралмаған, екі немесе одан да көп құрамдас бөлшектерден тұратын дәрі құралдары (дәрі) {3002, 3005 немесе 3006 тауарлық позицияларда көрсетілгендерден басқа)	3003
43.	Терапиялық және алдын-алу мақсаттарында пайдалануға арналған, өлшемді дәрі нысанында немесе бөлшек сауда үшін өлшеп оралған, аралас немесе араласпаған өнімдерден тұратын дәрі құралдары (дәрі) (3002, 3005 немесе 3006 тауарлық позицияларда көрсетілген дәрі құралдарынан басқа)	3004
44.	Фармацевтикалық заттар сіңірілген немесе қапталған, нысандарға немесе бөлшек сауда үшін орамдарға өлшеп оралған, терапевтік, хирургияда, стоматологияда немесе ветеринарияда пайдалануға арналған мақта, дәкі, бинт және осыған ұқсас бұйымдар (мысалы, таңу материалдары, лейкопластерлер, қыздырғыштар)	3005
45.	Осы топқа 4-ескертуде аталған фармацевтикалық өнім	3006
46.	Азотты минералдық тыңайтқыштар*	3102-ден
47.	Фосфорлы минералдық тыңайтқыштар*	3103-тен
48.	Калий тыңайтқыштары*	3104-тен
49.	Карналлит, сильвин және калийдің өзге де табиғи тұздары	3104 10 000

50.	Екі немесе үш - азот, фосфор және калий, қоректік заттардан тұратын минералдық немесе химиялық тыңайтқыштар*	3105-тен
51.	Тамаққа арналған бояғыштар*	3203 00-ден, 3204-тен
52.	Бояулар (эмальды қоса алғанда) өндірісінде қолданылатын үлгідегі сұйық немесе паста тәрізді, сулы емес ортада диспергирленген пигменттер (металл ұнтақтары мен үлпектерін қоса алғанда); басылған фольга, бөлшек сауда үшін өлшеп оралған бояғыштар мен өзге де бояйтын заттар	3212

53.	Иісті заттар қоспасы және өнеркәсіптік шикізат ретінде пайдаланылатын осындай бір немесе одан да көп заттардың негізінде алынатын қоспалар (спирт ерітінділерін қоса алғанда)	3302 10
54.	Нонилфенол*	3402-ден
55.	Сопрофолол ФЛГ, сопрофор 860 Р, ааска 60*	3402 19 000-ден
56.	Желатин*	3503-тен
57.	Ферменттер (энзимдер); басқа жерде аталмаған ферменттік препараттар	3507
58.	432 көбіксөндіргіші, 454 көбіксөндіргіші*	3804 00 100-ден
59.	Инсекцидтер	3808 10
60.	Фунгицидтер	3808 20
61.	Гербицидтер*	3808 30-дан
62.	Өсіп шығуға қарсы құралдар	3808 30 300
63.	Өсімдіктер өсімдік реттегіштер	3808 30 900
64.	Залалсыздандыру құралдары	3808 40
65.	ГХЛ прокселі*	3808 90 900-ден
66.	Төсемі бар диагностикалық немесе зертханалық реагенттер (3002 немесе 3006 тауарлық позициялардан көрсетілгендерден басқа)	3822
67.	Құбырлар, құбыршалар, шлангтер және олардың пластмассадан жасалған фитингілері (мысалы, жалғастырғыштар, иіндер, фланецтер)	3917



68.	Үлес салмағы 0,94 кем полиэтиленнен жасалған термосақтау пленкасы*	3920 10 220-дан
69.	Термоөңдеу әдісімен бөтелке жасауға арналған пробирка түріндегі пластмассадан жасалған пішіндер*	3923 30 100-ден
70.	Пластикалық ыдыстар*	3923 30 900-дан
71.	Бөтелкелерді тығындауға арналған тығындар мен қақпақшалар	3923 50 100
72.	Есіктерде, терезелерде, баспалдақтарда, қабырғаларда немесе ғимараттың басқа да бөліктерінде тұрақты орнатуға арналған фитингтер мен бекіту бөлшектері	3925 90 100
73.	Вулканизацияланған резеңке жіптер және арқан	4007 00 000
74.	Вулканизацияланған резеңкеден (қатты резеңкеден басқа) жасалған құбырлар, шлангтер, фитингілермен немесе фитингілерсіз (мысалы, жалғастырғыштармен иінді құбыршалармен, фланецтермен)	4009
75.	Вулканизацияланған резеңкеден жасалған тасымалдау таспалары немесе жетек белдіктері немесе бельтинг (белдіктерге арналған резеңке мата)	4010
76.	Автобустарға және жүк автомобильдеріне арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар (дөңгелектер)	4011 20

77.	Мотоциклдарға арналған пневматикалық резеңке шиналар (дөңгелектер)	4011 40
78.	Протекторының "шырша" суреті бар немесе ұқсас протекторлы пневматикалық жаңа резеңке шиналар (дөңгелектер)	4011 91
79.	Тұтас немесе жартылай пневматикалық шиналар (дөңгелектер) және өзара ауысатын протекторлары бар шиналар (дөңгелектер)	4012 90 100
80.	Шеңбер ленталар	4012 90 900

81.	Автобустарға немесе жүк автомобильдеріне арналған резеңке камералар	4013 10 900
82.	Қатты резеңкеден басқа вулканизацияланған резеңкеден жасалған бұйымдар, өзгелер	4016
83.	Қалдықтар мен скрапты қоса алғанда барлық нысандағы қатты резеңке (мысалы, эбонит); қатты резеңкеден жасалған бұйымдар	4017 00
84.	Ұзындығы 6 м кем емес және 18 м артық емес және комель шеңбері 45 см артық бірақ 90 см артық емес кез келген дәрежеде сіңірілген қылқанды ағаштан жасалған, бояумен, уландырғышпен, креозотпен немесе басқа да консерванттармен өңделген бөренелер	4403 10 100
85.	Қылқанды ағаштан жасалған өзге де бөренелер*	4403 10 900-нан
86.	Күбілік ағаштар; қабығы аршылып жарылған ағаштар, үшкірленген, бірақ бойлап кесілмеген қазықтар мен жонылған, бірақ тегістелмеген, иілмеген және тростар, солқылдақ шыбықтар, қолшатырларға арналған саптар, құрал-саймандар және осындай бұйымдар үшін пайдаланылатын басқа да тәсілдермен өңделмеген ағаш материалдары, қылқан жапырақтылар тұқымдарынан себеттік және басқа бұйымдар жасау үшін аршылған және сүргіленген ағаштар	440410 000
87.	Ұзынынан кесілген немесе жарылған, сүргіленген немесе аршылған, жонылған немесе жонылмаған, тегістелген немесе тегістелмеген, тиекпен қосылған немесе қосылмаған, қалыңдығы 6 мм артық ағаш материалдары	4407
88.	Бір қабатты фанерлердің және желімделетін фанерлерге арналған шпонның (желімделген немесе желімделмеген) қиындылары және ұзынынан тілінген сүргіленген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген беті қырналған немесе қырналмаған,	4408 10

	қалыңдығы 6 мм-ден артық емес кертiк жалғамалары бар немесе ондайлары жоқ қылқан жапырақтылар тұқымдас өзге де ағаштары	
89.	Тиекпен қосылған, сүргiленген немесе сүргiленбеген, тегiстелген немесе тегiстелмеген	4408 10 100
90.	Блоктар, табақшалар, кеспе бөренелер немесе бейiндi нысандар (бұйымдар) түрiнде сығымдалған ағаш	4413 000
91.	Орам материалдары*	48-ден
92.	Фрикциялық материалдар немесе олардан iстелген бұйымдар (мысалы, табақтар, рулондар, ленталар, сегменттер, дискiлер, шайбалар, прокладкалар), тежегiштерге, тiркегiштерге немесе сондай құрылғыларға пайдаланылатын, асбест, басқа да минералды заттар немесе целлюлозалар, негiзiнде, тоқыма немесе басқа материалдармен бiрiгiп не оларсыз пайдаланылатын құрастырылмаған материалдар	6813
93.	Берiк (шынықтырылған) немесе көп қабатты әйнектi қоса алғандағы қауiпсiз әйнек	7007
94.	0,6 мас. % немесе одан да артық көмiртегiнен тұратын көмiрсутектi болаттан жасалған сым	7217 90 900
95.	Мұнай және газ құбырлары	7304 10
96.	Мұнай және газ скважиналарын бұрғылауға арналған орама құбырлар, компрессорлық насос және бұрғылау құбырлары	7304 21 000
97.	Санитарлық-техникалық жабдық және қара металдан жасалған оның бөлiктерi	7324
98.	Кемiнде 99,8 мас. % магнийден тұратын өңделмеген магний	8104 11000
99.	Ядролық реакторлар	8401 10 000
100.	Изотоптарды бөлуге арналған жабдық, құрылғы және олардың бөлiктерi	8401 20 000
	Бу қазандықтары немесе басқа да бу шығаратын қазандықтар (	

101.	төменгі қысым буларын өндіруге қабілетті орталық су жылыту қазандықтарынан басқа); бу қыздырғыштары бар су қазандықтары (840290000 басқа)	8402
102.	8402 тауарлық позициядағы қазандықтардан басқа орталық жылыту қазандықтары	8403
103.	8402 немесе 8403 тауарлық позициядағы қазандықтарымен бірге пайдалануға арналған қосалқы жабдық (мысалы, экономайзерлер, жылытқыштар, күйе жойғыштар, газ рекуператорлары), булы-сулы немесе басқа да бу күш қондырғыларына арналған конденсаторлар	8404

104.	Тазарту қондырғылары бар немесе жоқ газ генераторлары немесе бу генераторлары; ацетиленді генераторлар және тазарту қондырғылары бар немесе жоқ ұксас газ генераторлары	8405
105.	Су буында жұмыс істейтін турбиналар немесе булы турбиналар және өзгелер	8406
106.	Ұшқындап тұтанатын, поршені айналып немесе қайтып оралатын, іштен жану қозғалтқыштары	8407
107.	Қысымнан тұтанатын поршенді іштен жану қозғалтқыштары (дизельдер немесе жартылай дизельдер)	8408
108.	Айрықша немесе негізінен авиациялық қозғалтқыштардың ұшқындап тұтанатын іштен жану поршенді қозғалтқыштарына арналған бөлшектер*	8409 91 000-нан
109.	Гидротурбиналар, су дөңгелектері және олардың реттегіштері (841090 басқа)	8410
110.	Шығын өлшегіштері бар немесе жоқ сұйықтық насостар; сұйықтықтарды көтергіштер	8413
111.	Роторлық поршенді насостар, сырғанайтын қалақшалары бар роторлық насостар, молекулярлық насостар (вакуумды) және Рутс үлгісіндегі насостар	8414 10 300

112.	Шығыны минутына 2 текше.м асатын жылжымалы, дөңгелекті шоссидегі ауа компрессорлары	8414 40 900
113.	Біліктік желдеткіштер	8414 59 300
114.	Ортадан тепкіш желдеткіштер	8414 59 500
115.	Ең үлкен көлденең өлшемі 120 см аспайтын тартпалы шкафтар	8414 60 000
116.	Бір сатылы тартпалы шкафтар*	8414 80 210-нан
117.	Вакуумдық және бір валды ауа насостары*	8414 80 600-дан
118.	Қозғалтқышы бар желдеткішпен және ауа температурасы мен ылғалдығын өлшеуге арналған құралмен жабдықталған ауаны салқындатуға арналған кондырғылар; ылғалдық бөлек реттелмейтін ауа салқындатқыштар*	8415 81 900-нан
119.	Сұйық отынға арналған, ыдыратылған қатты отынға немесе газға арналған шілтерлер; отындар, механикалық торлар, жел тартқыштар, күл алғыштар, тағы басқа осындай құралдар	8416
120.	Қоқыс жағатын, электр емес пештерді қоса алғанда өнеркәсіптік немесе зертханалық пештер мен камералар	8417
121.	Сыртқы есіктері бөлек құрастырылған тоңазытқыштар-мұздатқыштар	8418 10
122.	Өзгелер	8418 10 990
123.	Сыйымдылығы 900 литрден аспайтын тік үлгідегі мұздатқыш шкафтар	8418 40

124.	Тоңазытқыш көрмелер мен сөрелер (мұздатқыш агрегаты немесе буландырғышы бар)	8418 50
125.	Тоңазытқыш және мұздатқыш өзге жабдық; жылу насостары; жылу алмастырғыш ретінде конденсаторы бар компрессиондық үлгідегі	8418 61
126.	Өзгелер	8418 69
	Температураны өзгерту, жылыту, пісіру, тазарту, тазалау, тазалап өңдеу, пастеризациялау, буландыру, кептіру, бумен өңдеу,	

127.	кондексациялау немесе салқындату арқылы материалдарды өңдеуге арналған электрмен жылытатын және электрмен жылытылмайтын өнеркәсіптік және лабораториялық жабдықтар, тұрмыстық мақсатқа пайдаланылатын машиналар мен жабдықтардан басқа; электрсіз жұмыс істейтін су жылытатын қондырғылар;	8419
128.	Каландрлар және басқа да дестелеуіш (роликті) машиналар { металл немесе шыны өңдеуге арналған машиналардан басқа)	8420 10
129.	Ортадан тепкіш кептіргіштерді қоса алғандағы центрифугалар; сұйықтықтарды немесе газды сүзгілеуге немесе тазалауға арналған агрегаттар	8421
130.	Ыдыс жуатын машиналар; бөтелкелер мен немесе басқа да ыдыстар жууға және кептіруге арналған жабдықтар; бөтелкелер, шыны сауыттар толтыруға және қақпағын жабуға, жәшіктердің, қаптардың және басқа да ыдыстардың аузын жабуға, сондай-ақ жапсырма қағазын желімдеуге арналған жабдықтар, зат салуға немесе орауға арналған {жылу ұстағыш материалдармен тауар орайтын жабдықтарды қоса) басқа да жабдықтар; сусындарды газ араластыруға арналған жабдықтар	8422
131.	Толтырылған немесе толтырылмаған өрт сөндіргіштер	8424 10
132.	Пульверизаторлар және ұқсас құрылғылар	8424 20 000
133.	Құм немесе бу себелейтін машиналар және ұқсас шашыратқыш аппараттар	8424 30
134.	Ауыл шаруашылығы немесе бақшаға арналған өзге шашырату және бүрку құрылғылары	8424 81
135.	Өзгелер	8424 89
136.	Скипті көтергіштерден басқа көтеру тальдері және көтергіштер;	8425

	шығырлар мен кабестандар; домкраттар	
137.	Кеме деррик-крандары; кабель-крандарын қоса алғанда әртүрлі үлгідегі көтеру крандары; көтеретін жылжымалы формалар, бір орнында тұратын транспорттерлер мен көтергіш краны бар автомобиль шеберханалар	8426

138.	Арнайы қысқышы бар автотиеуіштер; көтергіш немесе тиеу-түсіру жабдықтарымен жарақтандырылған басқа да автожүктіегіштер	8427
139.	Көтеруге, орын ауыстыруға, тиеуге немесе түсіруге арналған машиналар мен құрылғылар ( мысалы, лифттер, эскалаторлар, конвейерлер, қанат жолдар), өзгелер	8428
140.	Айналмайтын және айналмалы қайырмасы бар өздігінен жүретін бульдозерлер, автогрейдерлер мен жол жоспарлағыштар, скреперлер, механикалық қалақтар, экскаваторлар, бір шөмішті тиегіштер, тегістеу машиналары, жол катоктары	8429
141.	Топырақты, сондай-ақ пайдалы қазбалар мен рудаларды орнын ауыстыруға, жоспарлауға, араластыруға, қазуға, игеруге, нығыздауға, таптауға, қазып алуға және бұрғылауға арналған машиналар мен өзге де механизмдер; тіреуіштер қағуға және суырып алуға арналған жабдықтар, соқалы және роторлы қар тазартқыштар	8430\
142.	Шөміштер, грейферлер, басып алатын және қазатын құрылғылар	8431 41 000
143.	Бульдозерлердің бұрылмайтын және бұрылатын күректері	8431 42 000
144.	Топырақты әзірлеуге және өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы, бау-бақша, орман шаруашылығы машиналары, көгалдар мен спорт алаңдарына арналған таптауыштар	8432

145.	Ауыл шаруашылық дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар мен механизмдер; сабанға немесе пішенді байлап-буғыштар, нығыздауыштар; шөп шалғылары мен көгал шалғылары; 8437 тауар позициясы өнімдерінен басқа, жұмыртқа, жеміс және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін тазалауға, сұрыптауға және сұрыптауға арналған машиналар	8433
146.	Сауын қондырғылары мен аппараттары, сүт өңдеуге және қайта өңдеуге арналған жабдық	8434
147.	Шарап, сидр, жеміс шырыны немесе ұқсас сусындар жасауға арналған престер, ұсақтау және ұқсас машиналар	8435
148.	Механикалық немесе жылыту құрылғылары бар тұқым өсіруге арналған жабдықты қоса алғанда ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, құс өсіру немесе ара ұстауға арналған өзге жабдық, құс өсіруге арналған инкубаторлар мен брудерлер	8436

149.	Тұқымды, астықты немесе құрғақ бұршақ дақылдарын тазалауға, іріктеуге немесе сұрыптауға арналған машиналар; ұн тарту өнеркәсібіне арналған жабдық немесе ауыл шаруашылығы фермаларында пайдаланылатын машиналардан басқа астық және құрғақ бұршақ дақылдарын өңдеуге арналған басқа да жабдық	8437
150.	Май немесе қатты өсімдік майын экстрагирлеуге немесе дайындауға арналған жабдықтан басқа, өзге жерде аталмаған, тамақ өнімдері мен сусындары өнеркәсібіне арналған жабдық	8438
151.	Қағаз массасын, талшықты целлюлоза материалдар шығаруға немесе қағаз бен қатырма қағаз өндіруге және өңдеуге арналған жабдықтар	8439
152.	Брошюра машиналарын қоса алғанда, түптеуге арналған жабдық	8440



153.	Барлық үлгідегі кесу машиналарын қоса алғанда қағаз массадан, қағаздан немесе картоннан бұйым жасауға арналған өзге жабдық	8441
154.	Шрифт құюға немесе шрифт теруге, баспа блоктарын, пластиналарын, цилиндрлерін немесе басқа да баспаханалық бөлшектер дайындауға немесе жасауға арналған машиналар, аппаратура мен құрал-сайман (8456-8465 тауарлық позициялардан басқа); баспахана шрифттері, блоктары, пластиналары, цилиндрлері және баспахана бөлшектері; баспа мақсаттарында дайындалған блоктар, пластиналар, цилиндрлер және литографиялық тастар (мысалы, ұшталған, тегістелген немесе жылтыратылған)	8442
155.	Бумалы офсеттік баспаға арналған машиналар	8443 11 000
156.	Қағаздарды беріп тұру арқылы басуға арналған, көлемі 29.7x42 см-ден артық қағаздарды қабылдайтын офсеттік басуға арналған машиналар*	8443 19
157.	Офсеттік баспаға арналған машиналар	8443 19 900
158.	Жасанды мата материалдарды экструдирлеуге, созуға, текстурасын өзгертуге немесе кесуге арналған машиналар	8444
159.	Тоқыма материалдар мен талшықтарды өндеуге арналған машиналар; жіп иіру, тоқу, орау, және басқа да, тоқыма жібін жасауға арналған жабдықтар; орау немесе иіру машиналары (соның ішінде арнайы иіру машиналары) және 8446 және 8447 тауар позицияларында көрсетілген, жіпті машиналарда пайдалану үшін әзірлейтін машиналар	8445
160.	Тоқыма станоктар	8446
161.	Трикотаж, тоқу-тігу, торғын, шілтер, кесте үшін қолданылатын тоқыма, кеттель машиналар,	8447

	жапсырма жасау, тор току, зат жапсарларын әдіптеу үшін пайдаланылатын машиналар	
162.	Фетр қалпақтар, қалпақ дайындауға арналған қалып өндіруге арналған жабдықты қоса алғанда қиынды немесе нысан бойынша киіз және фетр немесе тоқылмаған материалдар өндіруге немесе өңдеуге арналған жабдык	8449 00 000
163.	Сығатын құрылғымен жарақталған кір жуу немесе тұрмыстық машиналар (тұрмыстық кір жуу машиналарынан басқа)*	( 8450
